


Меншік иесі өзгергенмен, әлеуметтік кепілдік сақталады  
3-бет



Армысың, Аймауытовтың «Ақбілегі»!  
6-бет



Төл өнерге төр бұйырмай келеді  
8-бет



# ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ  
Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

БЕЙСЕНБІ, 9 ҚАРАША, 2023 ЖЫЛ №125 (23 301)

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

## САЯСАТ

# Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықтың тарихы бай және болашағы жарқын

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путиннің Қазақстанға ресми сапары қарсаңында ресейлік «Известия» газетіне көлемді сұхбат берді, деп хабарлады Ақорда ресми сайтында. Президенттің баспасөз қызметі хабарланғандай, Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықтың тарихы бай және болашағы жарқын екенін атап өтті.

– Жакын күндері Сіз Ресей Президенті Владимир Путинмен келіссөз жүргізесіз. Соңғы уақытта сіздер тұрақты кездесіп жүрсіздер. Атап айтқанда, 7 қазанда Мәскеуге сапармен келдіңіз, 13 қазанда Бішкекте өткен ТМД-ға мүше мемлекеттер басшыларының кенесіне қатыстыңыздар. Сол жерде де Ресей Федерациясының Президентімен жүздестіңіз. Екі ел арасындағы қатынастардың дамуына қандай баға бересіз? Алдағы келіссөздер барысында нендей мәселелерге баса мән беріледі?

– Шын мәнінде, біздің Владимир Владимирович Путинмен кездесуіміз тұрақты сипат алып келеді. Бұл Қазақстан мен Ресей арасындағы қатынастардың мән-мазмұны бай әрі жоғары деңгейде екенін айқын көрсетеді. Екіжақты кездесулерде немесе интеграциялық бірлестіктер аясындағы көпжақты келіссөздерде болсын, талқылайтын мәселе жеткілікті. Ресей Президенті – барлық саладан жан-жақты хабарлар әрі білікті тұлға. Оның жаһандық және өңірлік процестерге көзқарасы көп жағдайда қазіргі әлемдік ахуалға ықпал етеді.

Сындарлы саясат және өзара тиімді нәтижеге ұмтылыс – Қазақстан мен Ресей диалогының негізгі ерекшелігі. Біз әрдайым ресейлік серіктестеріміздің ұстанымына назар аударуға тырысамыз, олар да біздің пікірімізді ескереді.

Өзіңізге мәлім, биыл XXI ғасырдағы тату көршілік және одақтастық туралы шартқа қол қойылғанына 10 жыл толады. Қазақстан мен Ресей халықтары арасындағы достықтың тарихы тереңде жатыр, ғасырлар қойнауынан тамыр тартады. Дегенмен 2013 жылы қол қойылған мемлекетаралық шарттың символдық мәні зор. Өйткені бұл қазақ-орыс байланыстарының келешегіне жол ашады. Елдеріміз арасындағы тату көршілік және одақтастық қатынастарға негізделген ынтымақтастықтың тарихы бай және болашағы жарқын деп бағалаймын.

Ресей Президентімен Астанада өтетін алдағы кездесудің күн тәртібі өте ауқымды. Біз екіжақты саяси, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық ықпалдастық мәселелерін жан-жақты талқылаймыз деп жоспарлап отырмыз. Халықаралық ұйымдар мен интеграциялық құрылымдар аясындағы байланыстардың аспектілерін де қарастырамыз. Өлемдегі ахуалдың қазіргі жай-күйі мен даму перспективалары жөнінде пікір алмасамыз.

Сонымен қатар Өңіраралық ынтымақтастық форумына қатысамыз. Бұл – аймақтар мен екі ел кәсіпкерлері арасындағы тікелей байланыстарды нығайтуға



ықпал ететін бірегей әрі өте тиімді формат. Биыл Қазақстанның Қостанай қаласында аталған жиын 19-шы рет өткізіледі. Іс-шараның тақырыбы – ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық. Форум Ресей Президентінің Қазақстанға алдағы сапары секілді табысты өтеді деп сенемін.

– Қазан айында Сіз Владимир Путинмен және Шавкат Мирзиёевпен бірге Ресей газын Қазақстан аумағы арқылы Өзбекстанға тасымалдау жобасын іске қосу рәсіміне қатыстыңыз. Сіздің еліңіз үшін бұл бастама қаншалықты маңызды? Қазіргі уақытта Ресеймен бірлесе тағы да қандай ірі экономикалық және инвестициялық жобалар жүзеге асырылып жатыр? Жуық арада қандай жобалар қолға алынбақ? Сіздің ойыңызша, мұнай-газ және бейбіт мақсатта қолданылатын атом салаларындағы ықпалдастықтың даму перспективалары қандай?

– Газ саласы мемлекеттеріміздің орнықты әлеуметтік-экономикалық прогресінде ерекше рөл атқарады. Сондықтан

Ресейдің көгілдір отынын тасымалдау ісі жобаға қатысушы барлық тараптың мүддесіне сай келеді. 7 қазанда іске қосылған бұл жоба Қазақстанның газ тасымалдау инфрақұрылымын кеңейтуге және жаңғыртуға, Орталық Азияның аймақтық тұрақтылығы мен энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға, елдеріміздің өндірістік дамуына, бизнес-ахуалды жақсартуға, сондай-ақ азаматтардың тұрмыс деңгейін арттыруға тың серпін береді.

Біз өзіміздің транзит әлеуетімізді толыққанды пайдалануға мүдделіміз және Ресей газын тасымалдау көлемін одан әрі ұлғайтуға дайынбыз.

Биыл I қарашада өткен Халықаралық газ форумында Қазақстан Үкіметі мен «Газпром» арасында Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Бұл – 15 жылға дейінгі кезеңді қамтитын өзара тиімді серіктестік жоспарын әзірлеуге және жүзеге асыруға бағытталған ұзақмерзімді құжат.

Қазақстан мен Ресейдің мұнай саласындағы ынтымақтастығы бұрыннан табысты дамып келеді. Елімізде «Лукойл»

және «Татнефть» сияқты ресейлік концерндер жемісті жұмыс істеп жатыр.

Биыл ақпан айында «ҚазМұнайГаз» бен «Лукойл» Каспий теңізінің қазақстандық бөлігіндегі «Қаламқас теңіз», «Хазар», «Әуезов» кен орындарын игеру жобасы бойынша бірқатар келісім жасалды.

Бұдан бөлек, 2022 жылы «Kazakhstan Petrochemical Industries (KPI)» мұнай химиясы кешенінің құрылысы аяқталды. Ол әлемде полипропилен өндіретін ең ірі он кәсіпорынның қатарына кіреді. Аталған жобаға ресейлік «Сибур» компаниясы да қатысады.

2022 жылы Саран қаласында «Татнефть» компаниясының қатысуымен автомобиль дөңгелектерін шығаратын «KamaTyresKZ» зауыты салынды.

Екі елдің аумағы арқылы тасымалданатын мұнайдың үлесі айтарлықтай зор. Қазақстан мұнайының 80 пайызға жуығы Ресей аумағы арқылы (Каспий құбыр желісі консорциумы) сыртқы нарыққа экспортталады.

Сол сияқты Ресей мұнайы Қазақстан аумағы арқылы ҚХР-ға жеткізіледі. 2033 жылға дейінгі кезеңде 100 миллион тоннадан астам Ресей мұнайын тасымалдау жоспарланып отыр.

Бейбіт мақсатта қолданылатын атом саласындағы ықпалдастық – энергетикалық ынтымақтастығымыздың негізгі бағытының бірі.

Елімізде АЭС салуға қатысты түрлі пікір айтылып жүр. Бір жағынан, Қазақстанның атом энергетикасын дамыту әлеуеті мол. Еліміз табиғи уран өндіру көлемі жөнінен әлемде бірінші орын алады. Сондай-ақ ядролық отын компоненттерін өз елімізде өндіреміз және уранды изотопты байыту жөніндегі қызметтерге қол жеткізе аламыз. Үлбі металлургия зауытының базасында Қытайдың атом электр станциялары үшін дайын ядролық отын шығарылады.

Екінші жағынан, көптеген азаматтар мен сарапшылар атом станциясының қауіпсіздігіне күмән келтіреді. Семей ядролық сынақ полигонының ауыр қасіретін ескерсек, мұны түсінуге болады. Қазақстан аумағында АЭС салу мәселесінде Ресей тарапының жәрдем беру ұсынысын жоғары бағалаймыз. Әйтсе де АЭС құрылысы жөніндегі түпкілікті шешім референдум қорытындысы бойынша қабылданады.

Мен 2019 жылғы сайлауалды бағдарламада аса маңызды стратегиялық проблемаларға қатысты шешім референдум арқылы қабылданады деп мәлімдеген едім.

Инвестициялық ынтымақтастық туралы сауалыңызға орай мына нәрсені айтқым келеді. Соңғы 18 жылда Ресейден Қазақстанға келген тікелей инвестицияның жалпы көлемі 20 миллиард доллардан асты. Өз кезегінде, Қазақстанның Ресейге құйған инвестициясы 6 миллиард долларға жуықтады.

## БӘРЕКЕЛДІ!

# Түркі әлемі қыранын құрметтеді

Түбі бір түркі жұртынан шыққан Тұңғыш ғарышкер, Халық қаһарманы Токтар Әубәкіров Жаһандық журналистер кеңесінің құрметіне бөленді, деп хабарлады «Сауат» телеарнасы.



Марапаттау рәсімі Түркияның Алания қаласында өтті. Әуежайда Халық қаһарманын жұртшылық ыстық ықыласпен қарсы алды.

Токтар Әубәкіровке Түркия елінің құрметі айрықша. Осыдан 1-2 жыл бұрын Түркияның орталық арналарының бірі Дүйсен Қасейіновтің бастамасымен батыр туралы деректі фильм де түсірген.

– Марапаттау рәсімінде баршамыз батырға көрсетілген құрметке дән риза болдық. Бәрі Тұңғыш ғарышкерімізбен суретке түсіп, ыстық ықыластарын білдіріп жатыр. Өте қуанышты сәттің күзесі болдық, – дейді ҚР еңбек сіңірген қайраткері Дүйсен Қасейінов.

Халықаралық деңгейде өткен басқосуға әлемнің 50-ден астам елінен делегат пен әлемнің түпкір-түпкірінен 200-ге жуық БАҚ өкілі қатысты. Журналистер ұлттық және халықаралық ауқымдағы маңызды мәселелерді көтерді.

– Түркияда осындай бөделді сыйлық алғанға өте қуаныштымын. Түрік халқының ынтымағы арта берсін! – деді қазақтың Тұңғыш ғарышкері Токтар Әубәкіров.

Жаһандық журналистер кеңесі елуден астам елді біріктіреді және жыл сайын қоғам мен әлемдік өркениеттердің дамуына үлес қосқандарды таңдайды. Бұл жолы да әлемнің әр түпкірінен келген журналистер түрлі елдің қоғам қайраткерлері, спортшыларын, белгілі тұлғаларын марапаттады.

– Біз бұл форумды ерекше толқынмен өткіздік. Біріншіден, Түркия Республикасы биыл өзінің жүз жылдығын атап өтеді. Екінші – лауреаттар арасында Токтар Әубәкіров бар. Бұл – біз үшін зор құрмет, – деді Жаһандық журналистер кеңесінің төрағасы Мехмет Али Дим.

► 2-бет

Өз тілімізден

ORTALYQ QAZAQSTAN				Жеңілдікпен жазылу: 25 қазан – 25 қараша (бір жылға жазылу шартымен)					
Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге)	Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (тенге)		
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай	5827,65	5891,70	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10215,00	10415,40	
		12 ай	11655,30	11783,40					
Жеке жазылулар үшін	12 айға	4116	6 ай	3079,65	3083,70	Жеке жазылулар үшін	3492	5535,30	5651,40
			12 ай	6159,30	6167,40				

Құрметті оқырман! Газетке 2024 жылға жазылу науқаны басталды. Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! «Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) балама жазылу жүргізіледі.

Kaspi.kz арқылы сүйікті басылымыңызға жазылыңыз! «Төлемдер» бөлімі → «Іздеу» → «Жазылым төлемі» → Баспа басылымының атауы

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05. E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Баспасөз - 2024





# Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықтың тарихы бай және болашағы жарқын

(Соңы. Басы 1-бетте)

Инвестициялық ықпалдастықтың осылайша оң қарқын алуына өндірістік кооперацияның да септігі тиді. Оның аясында екі елдің бизнес субъектілері жалпы сомасы 33,5 миллиард доллар болатын 143 бірлескен жобаны жүзеге асырып жатыр.

Жалпы сомасы 3,2 миллиард доллар болатын 30 маңызды жоба сәтті іске қосылды. Қазіргі кезде машина жасау, металлургия және химия өнеркәсібі секілді экономиканың маңызды салаларында 40 жоба жүзеге асырылуда. Олардың жалпы құны 16,6 миллиард долларды құрайды әрі 15 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтиды.

Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан-Ресей ынтымақтастығын дамыту үшін бұл бағытта мол әлеует бар.

– Батыс елдері бұрын-соңды болмаған мөлшерде санкция салды. Бұл шектеулер көлік-логистика саласына да әсер етеді. Соған қарамастан Ресей мен Қазақстанның аталған саладағы ынтымақтастығы табысты өркендеп келеді. Мысалы, екі ел «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізін дамытып отыр. Осы бағыттағы ықпалдастықтың келешегіне қандай баға бересіз?

– Қазақстанның теңізге шығатын жолы жоқ. Сондықтан Парсы шығанағындағы айлақтарға дейін жетіп, одан әрі Үндістанға шығатын «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізі зор мүмкіндіктерге жол ашды әрі еліміздің экономикалық дамуын өрге сүйрейтін локомотивтің біріне айнала алады.

Аталған бағыт Еуразия құрлығындағы көлік қатынастарының құрылымын, тіпті кооперация мен өзара қарым-қатынас деңгейін түбегейлі өзгертуі мүмкін.

«Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін дамыту мақсатында тараптар инфрақұрылымды жаңғырту, терминалдардың қуаты мен жылжымалы құрамның санын арттыру, әкімшілік кедергілерді алып тастау және тасымалдаушыларға қолайлы жағдай жасау үшін үйлесімді жұмыс жүргізіп келеді.

Қазақстан мен Ресейдің өзара көлік байланысын, соның ішінде «Солтүстік – Оңтүстік» бағытын нығайту, сайып келгенде, өзара сауда мен инвестиция көлемінің ұлғаюына оң ықпал етері сөзсіз.

Бүгінде халықаралық ынтымақтастық бағытында көлік-логистика саласының маңызы артып келеді. Шын мәнінде, әлемде көлік бағдарларына, логистикаға бақылау орнату үшін қызу бәсеке жүріп жатыр. Қазіргі кезде Еуразияның жана көлік құрылымы қалыптасуда. Мұны ойдағыдай жүзеге асырсақ, қатысушы тараптардың бәрі де экономикалық әрі саяси пайдаға кенелмек.

Физикалық инфрақұрылымнан бөлек, тауар транзитіне арналған ортақ цифрлық жүйені қалыптастыру үшін нақты шешімдер әзірлеу өте маңызды. Ол сенімді әрі қолдануға оңай, озық цифрлық технологияларға негізделген шешім болуға тиіс.

Қазақстан бар мүмкіндігі мен ресурсын жұмылдырып, сенімді логистикалық хаб ретінде қызмет көрсетеді. Тасымалданатын жүк көлемін арттыру үшін өз аумағымыздағы теміржол және автомобиль жолдарының талапқа сай келмейтін тұстарын реконструкциялауға әзірміз.

– 13 қазанда Бішкекте өткен ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің кезекті отырысында Орыс тіліне қатысты халықаралық ұйым құру туралы шартқа қол қойылып, Жарғысы бекітілді. Бұл құрылымды құру жөнінде Өзіңіз бастама көтергеніңіз белгілі. Жалпы, ұйым қызметінен не күтесіз? Қазақстан мен Ресейдің мәдени-гуманитарлық саладағы, соның ішінде ТМД аясындағы ықпалдастығы келешекте қалай дамиды деп ойлайсыз?

– Ортақ мәдени-гуманитарлық кеңістік Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын біріктіруші маңызды фактор болған әрі алдағы уақытта да солай қала береді. Бұл бағыттағы өзара тиімді ынтымақтастығымыздың табысты болуына бірден-бір себеп – ТМД елдері халықтарының тілдері мен орыс тілінің үйлесімді әрі теңгерімді дамуы.

Бүгінде БҰҰ-ның ресми тілдерінің бірі саналатын әрі халықаралық тіл мәртебесіне ие орыс тілі – мемлекеттеріміз арасындағы достық қарым-қатынасқа демеу болатын ұйыстырушы фактор. Сондай-ақ өңірлік кооперацияны, ынтымақтастық



пен өзара сенімді нығайтатын пәрменді құрал рөлін атқарып отырғаны жасырын емес. Мұны ешкім жоққа шығара алмайды деп ойлаймын.

Орыс тілі жөніндегі халықаралық ұйым құру туралы бастама көтерген кезде мен әлемдік тәжірибені де басшылыққа алдым. Кезінде француз, неміс, испан және басқа да тілдерді дамыту үшін осындай халықаралық ұйымдар құрылған.

Мына нәрсеге баса назар аударғым келеді. Орыс тіліне қатысты халықаралық ұйым құру идеясы ТМД елдерінің, соның ішінде Қазақстанның мемлекеттік тіл саясатына балама жасау ниетінен туған жоқ. Ұйымның құқықтық субъект ретінде танылуы және оған ТМД-ға мүше емес өзге мемлекеттердің қосылуына ашық болуы маңызды.

Биыл ТМД аумағында Орыс тілі жылы болып жарияланды. Мұның символдық мәні зор. Санкт-Петербург Достастық елдерінің 2023 жылғы мәдени астанасы болды. Ол ТМД елдері арасындағы мәдени байланыстардың нығаюына зор үлес қосты. Бұл ретте екіжақты мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастар Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықтың маңызды бағыты болып қала береді.

Соңғы кездері бұл саладағы ықпалдастығымыз айтарлықтай жандана түсті. Қазақстанда және Ресейде екі елдің мәдениет күндері, Қазақстан немесе Ресей киносының күндері ұйымдастырылып тұрады. Биыл өтіп жатқан «Орыс маусымы» жобасы елімізде көрермен ықыласына бөленді. Сонымен қатар шығармашылық білім беру, музей-кітапхана ісі салаларындағы ынтымақтастығымыз нығайып келеді. Қазақстанның әртістері мен шығармашылық ұжымдары Ресейде ұйымдастырылатын мәдени іс-шараларға белсенді түрде қатысады.

Өзара құрмет пен екі елдің мүддесіне сай келетін осынау игі дәстүр келешекте де жалғасады деп сенемін. Қазақ мәдениетін әлемге таныту, сонымен қатар Ресейдің өзіне тән ерекше мәдениетін жақынырақ білу біз үшін маңызды.

Жалпы, ТМД ұйымының отыз жылдық қалыптасу кезеңінде мәдениетаралық диалог Достастық кеңістігіндегі мәдени және гуманитарлық ортақ құндылықтарды тарату ісінде маңызды рөл атқарғаны сөзсіз. Бұл бағытта ТМД-ның рухани бірлігінің арқауы, елдеріміз мен халықтарымыздың арасын жалғайтын қалтын көпір» деп санаймын.

– Қазақстан Республикасында кейінгі кездері Ресейдің бірқатар жоғары оқу орнының (МИФИ, Губкин атындағы Мұнай және газ РМУ) филиалдары ашылды. Екі ел арасында орта, кәсіптік және бастауыш білім салаларындағы ынтымақтастықты кеңейту жөнінде қандай жоспарлар бар?

– Қазіргі уақытта Ресейде 60 мыңнан астам қазақстандық студент білім алып жатыр. Бұл өзге елдермен салыстырғанда әлдеқайда көп.

Бұдан Ресей жоғары оқу орындарының білім әлеуеті жоғары әрі сұранысқа ие екенін байқауға болады. Сонымен қатар мұндай таңдау жасауға территориямыздың жақындығы, тілдік кедергінің жоқтығы, оқу ақысының қолжетімділігі, оқытушылар құрамының біліктілігі, көптеген білім ордасының кеңес кезеңінен бері қалыптасқан беделі мен атағы ықпал етті.

Қазақстанда техникалық бейіндегі шетелдік жетекші оқу орындарының филиалдарын ашу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Биыл еліміз Қазақстан мен Ресей үкіметтері арасында жасалған Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемелерінің филиалдарын тең негізде құру және олардың қызметі туралы келісімді ратификациялады.

Соның нәтижесінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында МИФИ филиалы, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті базасында И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік университетінің филиалы ашылды. Келесі жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің жанынан Д.И.Менделеев атындағы Ресей химия-техникалық университетінің филиалын ашу жоспарланып отыр.

Халықтарымыздың тарихи және мәдени жақындығын ескерсек, орта білім беру саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге екі тараптың да қызығушылығы бар. Қазақстанның оңтүстік облыстарында Қазақстан-Ресей бірлескен білім беру мекемелерін ашу жөнінде келіссөздер жүргізіліп жатыр.

Бұл ретте біз Ресейдің Қазақстанмен шекаралас қандастарымыз көп тұратын облыстарында осындай мектептер ашуға мүдделіміз.

– Қазіргі уақытта Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымына төрағалық етіп отыр. Осы Ұйымның аясында елдеріміздің өзара ықпалдастығы қалай өрбиде? Астана үшін ШЫҰ қызметіндегі қандай салалар басымдыққа ие?

– Ең алдымен, Қазақстан Шанхай ынтымақтастық ұйымының тең құрылтайшысы екенін атап өткім келеді. ШЫҰ – біз үшін көпжақты өңірлік диалогты дамытатын басым бағыттың бірі.

Жиырма жылдан астам уақыт бойы табысты жұмыс істеп жатқан ұйым қазіргі таңда күн тәртібі ауқымды әрі беделді көпжақты платформаға айналды. Бүгінде орасан зор саяси-экономикалық, адами және мәдени әлеуетке ие Шанхай ынтымақтастық ұйымын, шын мәнінде, аймақтағы қауіпсіздіктің кепілі, өзара тиімді экономикалық ықпалдастықтың ауқымды кеңістігі және мәдени байланыстардың сенімді дәнекері деп атауға болады.

Бұл туралы биыл шілде айында өткен ШЫҰ саммитінде айттым. Біздің ойымызша, қазіргідей күрделі геосаяси және геэкономикалық жағдайда сеніммен, өзара

тиімді мүддеге, теңдікке арқа сүйейтін, мәдениеттердің әралуандығына құрметпен қарайтын және қатар дамуға ұмтылатын «Шанхай рухының» мығымас іретасын нығайтуға басымдық беру керек.

Бұл ретте Қазақстан үшін ШЫҰ-ға төрағалық ету – зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік. ШЫҰ төрағасы ретінде біз ұйымдағы өзара ықпалдастықты бұдан да жоғары деңгейге көтеруді, оның жұмысының тиімділігін одан әрі арттыруды басты мақсат етіп қойдық.

Осыған орай өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, көпжақты ынтымақтастықтың сауда-инвестициялық және мәдени-гуманитарлық мазмұнын байыту Қазақстан төрағалығының басымдықтары ретінде жарияланды.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы одан әрі дамытудың көптеген өзекті мәселелері мен перспективаларына қатысты елдеріміздің ұстанымдары сәйкес келеді. Бұл – екіжақты серіктестіктің нәтижелі екенін білдіретін маңызды көрсеткіш.

Жаңа сынақтар мен қауіп-қатерлерге төтеп беру, көпжақты экономикалық диалог пен гуманитарлық байланыстарды нығайту мәселесіндегі ұстанымдарымыз ортақ.

ШЫҰ-ның Ақпараттық қауіпсіздік орталығын құру жөніндегі Қазақстан ұсынған келіссөздерді ігерілетуде Ресей белсенді рөл атқарады. Сондай-ақ Алматыны ШЫҰ-ның туристік және мәдени астанасы, ал 2024 жылды ұйым аясында Экология жылы деп жариялау туралы ұсынысымыз қолдау тапты.

Елдеріміз ШЫҰ мен оның негізгі органдарының қызметін одан әрі жетілдіру, сондай-ақ ұйымның энергетика, экономика, құқық қорғау және экология салаларындағы ортамерзімді кезеге арналған стратегиялық құжаттарын дайындау ісінде күш біріктіреді.

Мен Қазақстан мен Ресейдің табысты ынтымақтастығына зор үміт арттым. Бұл келесі жылы шілде айына жоспарланған ШЫҰ саммитінің табысты өтуіне септігін тигізетіні сөзсіз.

Ол үшін ауқымды әрі жүйелі жұмыстарды бірлесіп атқаруымыз керек. Біздің «Шанхай рухына» бейілділігіміз бен бір-бірімізді қолдау ниетіміз ынтымағымызды нығайтып, ШЫҰ-ны дамыту жөніндегі ортақ тәсілдерді әзірлеуге ықпал ететініне сенімдімін.

– Біз қазір құбылмалы заманда өмір сүріп жатырмыз. Ерте ме, кеш пе бір-полярыл әлемнен копполярлы әлемге ауысамыз. Әлемдік экономикалық жүйенің ұстындары да өзгеріске ұшырауда. Осыған орай келешекке деген көзқарасыңыз қандай?

– Көріп отырғанымыздай, заманауи копполярлы әлемді қалыптастыру үдерісі тым ауыр жағдайда өтіп жатыр. Дүниежүзінің ер қиырында қалыпты, санкциялық тексерестер, сауда соғысы өршіген жағдайда болашаққа сеніммен қарау да қиын.

Алайда парасат пен ынтымақ жікке бөліну мен өзіншілдіктен үстем боларына сенімдімін. Әлем тарихында мұндай мысалдар жеткілікті. Түптеп келгенде, жаһан жұрты ұзақмерзімді бейбітшілік орнайтын күнге жетеді. Ол үшін мынадай екі шарт міндетті түрде орындалуға тиіс. Атап айтқанда, өзара ымыраға дайын болу және халықаралық құқық нормаларын сақтау. Мұның екінші бөлігі – Қазақстанның сыртқы саясаттағы негізгі ұстанымы.

Кез келген қайшылықты БҰҰ Жарғысының нормалары мен қағидаттарына сай шешуге болатынына кәміл сенемін. Бұл құжатты әлемдік қоғамдастық адамзат тарихындағы ең қанқұйлы соғыстан кейін қабылдады. Мұндай қасірет енді қайталанбауы үшін халықаралық аренада бәріне түсінікті, ортақ ойын ережесі қабылданды. Бұл ізгілік пен адамгершілік қағидаттарының зор жеңісі еді. Өзірге әлем қалыптасуы әнсерудің бұдан артық тәсілін ойлап тапқан жоқ.

Жер көлемі, қуаты мен экономикалық әлеуетіне қарамастан, барлық мемлекет тең. Халықаралық құқық ешқандай бұра тартусыз, теңдей және бәріне бірдей қолданылады.

Сондықтан ашуды ақылға жеңдіріп, халықаралық құқық нормаларын мүлтіксіз сақтаған сәттен бастап, әлемде тепе-теңдік қайта орнайды деп санаймын. Бұл формула саяси жүйелер үшін де, қазіргі замандағы экономикалық, экологиялық және гуманитарлық мәселелерді шешуде де өзектілігін жоймайды.

Бүгінде біз халықаралық жағдай шиеленісе түскен шақта өмір сүріп жатырмыз. Саяси қысым жасау әдістері, сауда және санкциялық соғыстар алдыңғы орынға шықты. Бұл халықаралық сауда жүйесін түбі тығырыққа тірейді.

Біз бұрын-соңды болмаған геосаяси бөлшектену және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан жікке бөліну жағдайына куә болып отырмыз. Саясат пен экономика жаһандық және аймақтық деңгейде өзгерістер жүріп жатыр. Бұл мемлекеттер мен құрылымдардың қауіпсіздігіне алаңданышылық туғызады.

Үйлесімді әлемдік экономика құру үшін Жаһандық Оңтүстік және Жаһандық Солтүстік елдері өзара сенімге, бір-бірінің мүддесін құрметтеуге, сондай-ақ көпжақты ынтымақтастық қағидаттарына негізделген ортақ мәмілеге келуі керек.

Осындай күрделі үдерісте БҰҰ маңызды рөл атқаруға тиіс. Қазіргі таңда ол барлық адамзатты біріктіретін бағамсыз жоқ жалғыз жаһандық ұйым саналады.

Бұл орайда түрлі шектеулер мен геосаяси бөлшектенудің күшеюі БҰҰ-ның бірлігі мен ұйым мандатының үстемдігіне нұқсан келтіріп жатқанын мойындауымыз қажет.

Ұйымға қатысты сыни пікірлер көбейіп келеді. Сын, негізінен, ішкі реформалар жасау қажеттігіне байланысты айтылып жатыр. Жер шарының әр қиырындағы дағдарыстарды реттеуде БҰҰ қауқарсыздық танытып отыр.

БҰҰ-ны жаһандық қауіпсіздікті сақтайтын, XXI ғасырдың сын-қатерлеріне төтеп беретін, қазіргі заманның түйткілдерін тиімді шеше алатын негізгі күшке айналдыратын уақыт жетті деп ойлаймын.

Ұйымның көптеген институты қырғи-қабақ соғыс жылдарында құрылғандықтан, олардың жұмыс тәсілі тарихи қойнауына кеткен дәуірге негізделген. Қауіпсіздік Кеңесін реформалау қажеттігі айқын байқалады. Мұны Кеңес құрамын кеңейту арқылы жүзеге асыруға болады.

Шағын және орта мемлекеттер ірі державалар арасындағы алтын көпірге айналып, халықаралық тұрақтылық үшін тарихи жауапкершілік арқалады. Қауіпсіздік Кеңесінің аясында осындай мемлекеттердің үні жарқын шығып, олардың бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ерекше рөлге ие болуы маңызды.

ШЫҰ мен БРИКС-тің соңғы саммиттерінде «Әділетті әлем мен келісімді жақтайтын дүниежүзілік бірлік туралы» бастама көтердім. Ол жаһандық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, демократия қағидаттарына сай және рационалды саяси, халықаралық экономикалық тәртіпті қалыптастыру үшін тиімді прогреске қол жеткізуді көздейді.

Ынтымақтастықты нығайту үшін стереотиптерді түбегейлі қайта қарау керек. Ол өзара сенімді қалпына келтіруге, қолданыстағы халықаралық міндеттемелердің орындалуына күш салуға, сондай-ақ орнықты жаһандық дамуға ықпал етуге және әлемдік саясаттағы өзекті мәселелерді шешуге септігін тигізетін нақты шаралар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде тек конструктивті диалог пен мемлекеттердің ұжымдық күш-жігері, жоғары кәсіби дипломатия ғана әлемдегі тұрақтылықты қалпына келтіреді. Сонымен қатар БҰҰ Жарғысы негізінде барша адамзаттың игілігіне қызмет ететін әділетті халықаралық қатынастар жүйесін құруға ықпал етеді деп нық сенемін.



• САЙЛАУ – 2023

# Халық таңдаған әкімдер жұмысқа кірісті

Елімізде 5 қарашада пилоттық режимде аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері сайланған болатын. Дәл осындай сайлау облыс бойынша Приозерск қаласында, Ақтоғай және Осакаров аудандарында өтті. Халықтың өзі таңдаған әкімдерді аймақ басшысының орынбасарлары Бауыржан Асанов пен Ерлан Құсайын қала және аудан активтеріне ұсынып қайтты.



Руслан Кенжебеков Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында дүниеге келген. Мемлекеттік қызметтегі еңбек жолын 2002 жылдан бас маман ретінде бастап, басшылық лауазымдарға дейін көтерілген. Әділет органдарында, монополияға қарсы қызметте жұмыс істеген. Ұлттық экономика министрлігінің Адами ресурстармен жұмыс департаментінің директоры, Ақмола облысы әкімінің кеңесшісі, Президент Әкімшілігінің Мемлекеттік қызмет және кадр саясаты бөлімінің кеңесшісі болды.

Приозерск қаласының активіне сайлаушылардың басым бөлігі дауыстарын берген Мансұр Ахметовті облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын ұсынды. – Баршаңызға қолдау көрсетіп, сенім білдіргендеріңіз үшін зор алғысымды білдіремін. Өзіме жүктелген міндеттемелерді адал және кәсіби түрде орындаймын, – деді Мансұр Ахметов.



Мансұр Ахметов мемлекеттік қызметте шамамен сегіз жыл істейді. Салық органдарында түрлі лауазымдарда қызмет атқарған. 2023 жылдың тамызынан қазіргі уақытқа дейін Приозерск қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарды. Облыстық сайлау комиссиясының мәліметінше, Приозерск қаласында тіркелген сайлаушылардың 56%-ы өз таңдауын жасаған. Ал, қалада барлығы 11 сайлау учаскесі бар. Жалпы, Приозерск қаласы әкімдігіне кандидат ретінде үш адам, яғни, Мансұр Ахметов, Руслан Кошшин және Светлана Попченко тіркелген болатын.



Ақтоғай ауданының әкімі болып Руслан Кенжебеков сайланды. Сайлау нәтижелері бойынша ол сайлаушылардың көпшілік дауысына ие бола отырып, қызметін сақтап қалды. Сайланған әкімді қала активіне облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын ұсынды. – Көрсетілген сенімдеріңіз үшін зор алғыс айтамын. Алдыма қойылған міндеттерді орындау үшін бар күш-жігерімді сала

2023 жылдың қаңтарынан қазіргі уақытқа дейін Ақтоғай ауданының әкімі болып жұмыс істеді.

\*\*\*

Осакаров ауданының активімен кездескен аймақ басшысының орынбасары Бауыржан Асанов аталған аудан әкімі Руслан Нұрмұханбетовтің әкім болып сайланғанын хабарлады.

– Бағдарламамды іске асыруға, әр отбасының әл-ауқаты, ауданымыздың өркендеуі мен дамуы үшін халықтың өмірлік маңызды мәселелерін шешуге барынша күш салуға уәде беремін. Алда көп жұмыс күтіп тұр. Менің міндетім – сіздердің сенімдеріңізді ақтау, – деді Руслан Нұрмұханбетов.

Руслан Нұрмұханбетов 18 жылдан астам мемлекеттік қызметте. Еңбек жолын 2005 жылы Осакаров ауданы Молодежный кенті әкімі аппаратының маманы болып бастаған. Осакаров ауданы әкімінің аппаратында түрлі қызметтер атқарды. Содан кейін Солтүстік Қазақстан облысында білім басқармасы басшысының орынбасары болып жұмыс істеді. Кейін Бұқар жырау ауданында еңбек етіп, бас маманнан аудан әкімінің орынбасарына дейінгі мансап жолын өткен. 2017 жылдың тамызында Осакаров ауданы әкімінің орынбасары, ал 2022 жылдың қыркүйегінде осы ауданның әкімі болып тағайындалды.

Облыстық сайлау комиссиясының мәліметінше, Осакаров ауданында сайлауға 14 365 адам қатысып, 11 595 сайлаушы Руслан Нұрмұханбетовке дауыс берген.

**Өз тілшімізден**  
Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

# Меншік иесі өзгергенмен, әлеуметтік кепілдік сақталады



«АрселорМиттал Теміртау» АҚ меншік иесі ауысқанымен қызметкерлер алдындағы міндеттемелер толық орындалды. Жұмыс шарттарында, төлемдер, әлеуметтік кепілдіктер де ешқандай өзгерістер болмайды. Түрлі қуәсет пен жалған ақпаратты жоққа шығару мақсатында кеншілермен кездескен облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысов олардың сұрақтарына дәл осылай жауап берді.



Түрлі мәселелермен қатар, көмір шахталарының тағдыры да сөз болған кездесуге Вадим Басин, сондай-ақ, шахта басшылары да қатысты.

Кеншілер компаниядағы алдағы өзгерістерге байланысты еңбек шарттары мен еңбекақы, әлеуметтік кепілдіктер жайлы өздерін толғандырған сұрақтарына жауап алуға келген.

– Ұжымдық шарттың барлық талаптары инвестор кім болатынына қарамастан, сол күйі қалады. Оның тармақтары тек жақсарту, жетілдіру бағытында өзгеруі мүмкін. Қалай болғанда да, мұның бәрі кәсіподақтармен және еңбек ұжымдарымен талқыланады. Мемлекет Үкімет пен мемлекеттік органдар атынан компанияда жұмыс істейтіндердің еңбек жағдайларының нашарлауына жол бермейді. Қауіпсіздік шаралары мен уақытылы төлемдердің барлығын мемлекет бақылайтын болады, – деді Вадим Басин.

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ атқарушы директоры Виктор Гафиулов болса, компаниядағы қазіргі жағдайды да баяндады.

Оның айтуынша, дәл осы өтпелі кезеңнің жалақыға әсері болмайды.

«АрселорМиттал Теміртау» АҚ меншік иесінің ауысуы қызметкерлер алдындағы міндеттемелерге әсер етпейтіні туралы бұған дейін де айтылған болатын. Қарағанды облысына арнайы келген Мемлекет басшысы қаза тапқан және зардап шеккен кеншілердің туыстарымен кездесуде компанияның проблемалық активтері бойынша инвестормен қарым-қатынас тоқтатылатынын мәлімдеді. Ерекше аталғаны – жұмыс шарттарында, төлемдерде, мұның бәрі кәсіподақтармен және еңбек ұжымдарымен талқыланады. Мемлекет Үкімет пен мемлекеттік органдар атынан компанияда жұмыс істейтіндердің еңбек жағдайларының нашарлауына жол бермейді. Қауіпсіздік шаралары мен уақытылы төлемдердің барлығын мемлекет бақылайтын болады, – деді Ермек Алпысов.

– Мердігерлер алдындағы да, ұжымдық шартқа сәйкес әлеуметтік жауапкершілік те қабылданған міндеттемелерге сәйкес орындалады, – деді Ермек Алпысов.

Дәл осындай кездесулер компанияның барлық шахталарында өтетінін айту керек.

**Өз тілшімізден**

• ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫ

# Дайындық паспортты берілмеді

Энергетика министрлігінің Атом және энергетикалық қадағалау және бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша аумақтық департаменті 2023-2024 жылдардың күзгі-қысқы кезеңіне энергия кәсіпорындарының жұмысқа дайындығы паспорттарын беру жұмысын аяқтады деп хабарлайды аталған мекеменің баспасөз қызметі.

Құзырлы орган тексеріс қорытындысы бойынша Теміртау қаласындағы «Bassel Group LLS» ЖШС тиесілі ҚарГРЭС-1 кәсіпорнына дайындық паспортты беруден бас тартты. Себебі, №11 қазандықты күрделі жөндеу кестесі бұзылған. Одан бөлек, қазандық корпусының деформациясы болған.

Жалпы, станцияның жабдықтары, ғимараттары мен құрылыстарының негізгі бөлігі тозған. Осыған байланысты жабдықты кезең-кезеңімен қайта құрылымдау және жаңғырту

қажет. Сондай-ақ, металл конструкциялардың жағдайы да сын көтермейді.

Осыған байланысты, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 301-бабының негізінде «Bassel Group LLS» ЖШС 1 млн. теңге сомасына айыппұл түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылатын болады.

Жылыту маусымында штаттан тыс жағдайларды болдырмау үшін Теміртаудағы ҚарГРЭС-1 кәсіпорнын департамент ерекше бақылауда ұстайтын болады.

**Өз тілшімізден**

• БРИФИНГ

# Ажырасу азайып келеді

Аймақта үйленгендердің ең жасы – 16-да болса, некеге тұрғандар арасында үлкендердің жас мөлшері – 82-де. Облыстағы некеге тіркейін АХАТ-қа қарасты 14 бөлімнің жалпы мәліметінше, өткен жылмен салыстырғанда биыл отбасы құруға ниеттілердің саны азайған.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірдегі №2 АХАТ бөлімінің басшысы Раушан Сүлейменованың айтуынша, биыл облыста 4 151 неке тіркелген. 2022 жылы бұл көрсеткіш 8 048-ді құраған болатын.

– Некені екі жақтың келісімі бойынша бұзу – қарастыру мерзімі өткеннен кейін, қосымша бір айды құрайды. Бұл мерзімді заңмен қысқартуға болмайды. Биыл некеге тұру ғана емес, ажырасу саны да қысқарған. 2022 жылы облыста



1 935 ажырасу тіркелсе, биыл 384-ке азайды, – деді Раушан Сүлейменова.

АХАТ бөлімінің мамандары сондай-ақ, неке киноды тіркеу бойынша биылға 3 024 қызмет көр-

сеткенін айтады. Оның ішінде 118 неке шетел азаматтарының сұранысымен қиылған.

Естеріңізге сала кетейік, 1 шілдеден бастап азаматтың хал актілерін тіркеу бөлімдері «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының құрамына берілді. Қазіргі таңда аймақтағы АХАТ-тың 14 бөлімі азаматтардың өтініштерін тіркеу саласында мемлекеттік 8 қызмет түрін көрсетеді.

Осы қатарға тууды тіркеу, оның ішінде азаматтың хал актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, қайтыс болуды, некені тіркеу, некені бұзу, қалпына келтіру қосылады. Сондай-ақ, бөлімдерде қайталама куәліктер немесе анықтамалар беру, жазбаларды жою, жанарту, түзету қызметтері қатар атқарылады.

• ЖҰМЫССЫЗДЫҚПЕН КҮРЕС

# Мансап орталығы мақсатқа жетелейді

Елімізде жұмыссыздықпен күрес қарқынды жүруде. Кәсіп ашқандарға грант беріледі. Бұл – мемлекеттің қолдауы. Сонымен қатар, жеңілдетілген несие де қарастырылған. Ал, Мансап орталықтары арқылы «екі қолға – бір күрек» іздеген жандарға да еңбекке араласуға мүмкіндіктер берілуде. Оның нәтижесін көріп отырғандар да жетерлік.

Айта кету керек, жыл басынан бері Қарағанды облысында 11 мыңнан астам жас жұмысқа орналастырылған, оның ішінде 8 мыңнан астамы тұрақты жұмыс орындарына тұрды. Қарағанды облысының қалалары мен аудандарының Мансап орталықтарына осы жылдың басынан бастап жастар арасынан 18 675 жұмыссыз жүгінді. «Жыл басынан бері 11 651 адам жұмысқа орналастырылды, оның ішінде 8637-сі

тұрақты жұмыс орындарына, 186-сы «Әлеуметтік жұмыс орны» бағыты бойынша, 813-і «Жастар практикасы» бағдарламасы бойынша. 1 578 адам қоғамдық жұмыстарға жіберілді, 25 адам «Ұрпақтар келісімшарты» жобасына қатысады. Тағы 412 жұмыссыз алғашқы жұмыс орындарын тапты, 241 адам қысқа мерзімді кәсіптік оқудан өтті», – деп хабарлады Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік

бағдарламалар басқармасы.

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің түлегі, қаржыгер Мадина Бураханова оқуын бітіргеннен кейін Қарағандыға көшіп келді және ұзақ уақыт бойы мамандық бойынша жұмыс таба алмағанын айтады.

– Мен Мансап орталығына жүгіндім, маған Қарағанды ипотека орталығында «Жастар тәжірибесі» бойынша жұмыс ұсынылды. Келістім, өйткені бұл – мен үшін жақсы тәжірибе. Қазір мамандығым бойынша жұмыс істеймін, егер мен бір жыл ішінде өзімді көрсете алсам, мені осында қалдыруы мүмкін. «Жастар практикасы» бағдарламасы – жұмыс тәжірибесі жоқ, бірақ оны

ірі компанияларда жинауды армандайтын жоғары оқу орындарының түлектері үшін тамаша мүмкіндік, – дейді Мадина Бураханова.

«Бизнес Бастау» бағдарламасы аясында кәсіпкерлік негіздеріне 2 502 ізденуші оқытылды, ал 485 адам Skills.enbek.kz порталында онлайн оқытудан өтті.

Сондай-ақ, 35 жасқа дейінгі халықтың әлеуметтік осал топтарының ішінен 14 адам кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы бойынша бизнес ашуға және дамытуға мемлекеттік гранттар алды. Сонымен қатар, өңірде мүгедектігі бар еңбекке қабілетті адамдар үшін 13 жұмыс орны құрылды.

Өнеркәсіп және құрылыс саласы ең сұранысқа ие мамандар. Бұл салықшылар, инженерлер, инженер-механиктер, құрылыс слесарьлары, дәнекерлеушілер, арматурашылар, электр слесарьлары, электр монтерлері, кран машинисттері.

Энергетика, мұнай-газ индустриясы, ауыл шаруашылығы, тамақ өнеркәсібі, көлік және логистика, IT-сала мамандары, сондай-ақ, педагогтер, жүргізушілер мен жылжымалы жабдық операторлары, бизнес және әкімшілендіру саласындағы мамандар, күзетшілер, тазалаушылар да осы сұраныс артқандар тізімінде.

Қарағанды қаласында ғана емес монокалалар мен аудан орталықтарында ұйымдастырылып жатқан бос жұмыс орны жәрменкелері де өз нәтижесін беруде. Өйткені облыста жұмыспен қамтылғандар саны артқан.

**Әлеумет БЕЛГІБАЙҰЛЫ**





ӨЗЕКТІ

# Қызылшаға қарсы екпе басталды

Облыста балалар арасында қызылшаны жұқтыру қаупі өршіп тұр. Аймақтың санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандарының айтуынша вакцинаны балалар, екпе алмаған ересектер тіркелген жеріндегі емханадан тегін алуына болады.

**Аяулым СОВЕТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің жұпалы және паразиттік ауруларды эпидемиологиялық бақылау бөлімінің басшысы Жақия Жәшібекованың айтуынша, аурудың асқынуына байланысты балалардағы қызылша, қызамық және паротитке қарсы қосымша жаппай иммундау жүргізілуде. Осы орайда елімізде 1 қарашадан бастап қосымша иммундау жүргізу туралы қаулы қабылданды.

– Қазіргі таңда облыста қызылшамен ауырған 300-ден астам жағдай тіркелген. Оның 44 пайызы бір жастан төрт жасқа дейінгі балаларда кездесуде. Алты айдан он айға дейінгі балаларды қызылшаға қарсы қосымша егу 6 қарашадан басталады. Егу эпидемиологиялық жағдай тұрақталғанға дейін жалғасады. Әзірге нәрестелер вакцинацияның нөлдік дозасын алады. Кейін бір жасқа толғаннан кейін вакцинация күнтізбесіне сәйкес жоспарлы түрде егіледі. Қызылшаға қарсы келесі дозаны 6 жасында алу міндетті, – деді Жақия Жәшібекова.

Сондай-ақ, 5 желтоқсаннан бастап келер жылдың қантарына дейін екі жастан төрт жасқа дейінгі балаларды қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы жаппай иммундау жоспарлануда. Қызылшаға қарсы профилактикалық екпе алмаған медициналық қызметкерлерге де қызылшаға қарсы егілу статусына қарамастан қосымша жаппай иммундау жүргізілімек.

– Қызылша мен қызамыққа қарсы қосымша егу кезінде қызылша, қызамық, паротитке қарсы құрама екпе қолданылады. Үндістанда өндірілгендіктен, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қолдануға ұсынып отыр. Елімізде бұл екпенің түрі 2003 жылдан бастап қолданылып келеді. Иммундаудан кейін асқыну жағдайлары тіркелген жоқ. Қосымша иммундау тегін түрде амбулаториялық емхана ұй-



ымдарында жүргізілімек. Қосымша екпе науқанның негізгі мақсаты – қызылшаның одан әрі таралуының және одан пайда болатын асқынулардың алдын алу, – дейді Жақия Жәшібекова.

Эпидемиологиялық бақылау басқармасы мамандарының айтуынша, әзірге вакцинадан кейінгі асқыну жағдайлары тіркелген жоқ. Қазіргі таңда қарағандылық кішкентай тұрғындар жергілікті емханаларға келіп, вакцина алуда. Солардың бірі – жеті айлық Артур Семенов. Ол жақында қызылшаға қарсы нөлдік дозадағы вакцинаны алды.

– Артур болашақта ауырып қалмас үшін қызылшаға қарсы вакцина алдық. Қазіргі уақытта адамдар, әсіресе, балалар жиі ауырады. Сондықтан бізге екпе алуға кеңес берді. Бұл менің екінші балам, біріншісіне де барлық қажетті екпелерді алғанбыз. Әрине, екпеден үзілді-кесілді бас тартатындар бар. Бұл – олардың құқығы.

Мен үшін вакцинация денені қорғау, денсаулықты сақтау үшін керек, – деді Артурдың анасы Татьяна Семенов.

Айта кеткен жөн, екпе алу үшін алдымен нәрестенің анасы дәрігерлік кабинетте қажетті құжаттарды толтыруы тиіс. Содан кейін емдеу бөлмесіне барып, алдын ала медбике көрсеткен ампулаларды қарап, вакцина алуға нәрестені дайындайды. Препарат салынған бірнеше минуттан кейін нәресте жылауын қойып, өзін белсенді ұстайды.

Дәрігерлердің айтуынша, ересектер немесе жасөспірімдердің емханаға келіп, қызылшаға қарсы екпе алуына болады. Ал, қызылшамен ауырған, зертханалық расталған ауру белгісі барларға қызылшаға қарсы вакцина алуға тыйым салынады. Сондай-ақ, тұрақты медициналық жеңілдіктері бар және вакцинаға қарсы көрсеткіштері бар адамдар, сондай-ақ, 2019-2023 жылдары егілген медицина қыз-



**Қызылшамен сырқаттанушылықты төмендету шаралары:**

- ✓ **1 жастағы, 6 жастағы балаларды Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес вакцинациялау (ҚР Үкіметінің 24.09.2020 ж. №612 қаулысы);**
- ✓ **Қызылшамен ауырған адаммен байланыста болған 30 жасқа дейінгі екпе алмаған адамдарды вакцинациялау;**
- ✓ **6 айдан бастап 10 ай 29 күнге дейінгі, 2 жастан бастап 4 жас 11 ай 29 күнге дейінгі балаларды қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы қосымша жаппай иммундау (ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 01.11.2023 ж. №7 қаулысы).**

зметкерлеріне екпе алмауға болады.

– Қосымша иммундаудың негізгі мақсаты – аурудың таралуы мен өршуінің алдын алу. Сондай-ақ, қызылша жайлаған ошақтарды жою. Науқас балалардың эпидемиологиялық жағдайын талдай отырып, бұрын аналарының өздері қызылшаға қарсы екпе алмағанын білдік. Сондықтан, көптеген сабилерге антиденелер берілмеген. Қазіргі балалардың қызылшамен жаппай ауруының бір себебі сол болуы

мүмкін, – дейді Жақия Жәшібекова.

Қазіргі таңда облыста ересектер арасында қызылшамен ауру белгілерінің байқалуы сирек кездеседі. Өйткені, қаланың ересек жастағы тұрғындары қызылшадан көбірек қорғалған. Жалпы облыста қосымша иммундау науқаны 2015 жылы – жасөспірімдер вакцинацияланғанда, сондай-ақ, 2019 жылы – 20-29 жас аралығындағы жастар вакцинацияланған кезде жүргізілген. Сондықтан, облыстың эпидемиологтары қызылшаның алдын-алуға екпе алмаған жағдайда, профилактикалық екпе алуды ұсынады. Сондай-ақ, әртүрлі себептермен қызылшаға қарсы егілмей қалған балалар мен ата-аналары мәдени-бұқаралық іс-шаралардан тыс қа-

лып, ойын сауық орталықтарының ойын алаңдарына баруды шектегені жөн. Егер, алыс-жақын шетелдерге баруды жоспарласа, әлемдегі қолайсыз жағдайды ескере отырып, балалардың екпені уақытында алуына жағдай жасаған тиімдірек.

Айта кеткен жөн, аурудың алғашқы белгілері денені әлсіздік басып, қызу көтеріліп, бас ауруынан басталады. Егер денеді бөртпе байқалған болса, дәрігерге жүгіну – міндетті.

ОЛИМПИАДА

# Біліктілікті арттырған білім бәйгесі

Адам жанына араша мейіркелер қашанда сұранысқа ие. COVID-19 кезінде білекті сыбанып, өзінен бұрын, науқас өміріне араша түскен дәрігерлер апталап, айлап үй бетін көрмей жұмыс атқарды. Өмірдің бір жарқ еткен сәулесі үшін күресуде ақ халатты батырлар ерлік жасады. Осы ерліктің әдемі үлгісін Қарағандыдағы жоғары медицина интерколледжінің білікті медбикелері де көрсеткен болатын.

**Аяулым СОВЕТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жақында білім ұйымында өткен республикалық олимпиада білікті жастардың басын қосты. Медицина саласында ұзақ жылдар еңбек етіп келе жатқан медицина ғылымдарының кандидаты Аманжол Нұрбекұлы өз тәжірибесін жастармен бөліспек үшін Тауған Жарықпосовамен бірлесіп колледж ашқан болатын. «Елімізде медицина саласында мамандар жетіспеушілігі жылдан жылға артып келеді. 1981-2019 жылдар бойы жинақталған тәжірибемді ескеріп, болашақ орта буын медицина саласының мамандарын оқытуды қолға алдық. Мейіркеле қызметі терең білім мен машықты қажет етеді. Ұйымдастырылған олимпиада еліміздің жоғары оқу орындарындағы үздік жастарды анықтады», – дейді Аманжол Нұрбекұлы.

Республикалық олимпиада «Гигиена және эпидемиология» мамандығының даму мәселелері мен болашағы» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияға жалғасты. Конференцияға 15 мақала ұсынылғандықтан, болашақ мамандар даярлаудағы өзекті мәселелер бойынша 6 баяндама тыңдалды. Студенттер нақты нысандар мен жағдайлар бойынша іс жүзінде тәжірибе алды. Достірлі академиялық дайындықпен қатар студенттер коммуникация, ұйымшылдық және қосымша қабілеттерін дамытты. Бұл тәжірибе алдағы уақытта ұжым болып тиімді жұмыс істеуіне, алдын алу шараларын жүргізуге және тұрғындарды гигиена мен эпидемиологияның маңызды аспектілері бойынша оқытуға септігін тигізбек. Республикалық студенттік олимпиадада «Гигиена және эпидемиология» мамандығы бойынша 6 колледждің студенттері қатысты. Оқушылар жоғары білім мен біліктіліктерін көрсетті. Қатысушылар мен олардың тәлімгерлері олимпиадаға және конференцияға қатысқаны үшін сертификаттар алды. Талдықорған жоғары медициналық колледжінің үздік студенті Эльвира Амандосова І дәрежелі дипломмен, Көкшетау жоғары медициналық кол-



леджінен келген Илез Яндиев ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Қарағанды жоғары медбикелер колледжінің студенті Қызғалдақ Ыбырай ІІІ дәрежелі диплом иеленді.

– Мейіргерлер науқастарға отадан кейінгі алғашқы қадамдарды жасауға, ауруларды емдеуге көмектеседі. Көбіне медициналық мекемелердегі барлық жұмыстардың 80%-дан астамы мейіргерлер істейді. Таңғыштарды ауыстырып, қысымды өлшеп, температурасы мен жалпы жағдайын бақылайды. Олардың мейірімді жүрегі науқасқа өз күшіне сенуге көмектеседі. Маған мейіргерлік мамандық ұнайды, бұл науқасты емдеу кезіндегі кез келген жағдайда оңай шешім қабылдауға көмектеседі. Тәжірибе жинайтын үлкен мектептің бастауы, – дейді олимпиада жүлдегері Қызғалдақ Ыбырай.

Интерколледж оқытушылары 2016 жылы ашылған оқу орны небәрі 5 жыл ішінде өз мәртебесін лайықты қалыптастырғанын айтты. 60-қа жуық оқытушылар құрамы студенттерге мейіргер

ісі, емдеу ісі, фармацевтика мамандықтарын игертуде. Колледждің материалдық-техникалық базасы нығайған, педагогикалық кадрлар әлеуеті жоғары, іргелі де бірегей оқу орнына айналды.

Колледжаралық білім беру нарығының бәсекеге қабілеттілігі үшін Чехия Республикасы, Свердловск медициналық колледжімен, «Республикалық медициналық колледж» мемлекеттік білім беру мекемесімен, Душанбе қаласының «Медициналық-әлеуметтік колледжі» ЖШС-мен тығыз байланыста. Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей елдерімен серіктестікке отырып, алдағы уақытта дуалды білім беру жүйесін енгізбек.

– Бүгінгі таңда 1500-ге жуық студент білім алатын Қарағанды жоғары медициналық интерколледжі мамандықтарды даярлауда жемісті еңбек етіп, 400-ге жуық түлектерді оқытып шығарды. Білім мен медицина саласын қатар ұштастырып келе жатқан колледж 2020 жылы Халықаралық институционалды және мамандандырылған аккредитациядан өтіп, Денсаулық

сақтау министрлігінің шешімі бойынша «жоғары» статусқа ие болды. Іргелі білім ордасы мейіргер ісі, емдік акушер, фармацевтика, лабораториялық диагностика ісі, аку-

шер, ортопедиялық стоматология, гигиена және эпидемиология, стоматология бойынша маман дайындайды. Студенттерге қосымша білім беруде «Жас кәсіпкерлер» орталығы Лондон қаласымен Capital city college group бағыты бойынша жұмыс жасайды. Биылғы оқу жылынан бастап «Тігін техникасы» қосымша мамандық ретінде оқытылууда, – дейді колледж директоры Аманжол Нұрбекұлы.

Студенттердің бос уақытын ынталандыруда колледжде «Жігер» жастар ұйымы жұмыс жасап тұр. Талапты студенттердің басын қосқан ұйым шығармашыл жастар ортасына айналған. Жастар республикалық «Үздік фармацевт» байқауының бірнеше мәрте жеңімпазы атанған.

Білім мен медицина саласын қатар ұштастырып келе жатқан колледж жастардың келешегіне жол сілтеп, болашаққа нық сеніммен аттандыруда. «Үздіксіз білім беру» орталығында оқуын тәмамдаған студент жоғары білім алып, біліктілігін арттырып, толық қалыптасқан бәсекеге қабілетті маман иесі болып шығады.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

# Алдын алған ауру асқынбайды

Таяуда облыстың барлық емханаларында сүт безінің қатерлі ісігіне қарсы күрес айлығына арналған «Ашық есік күндері» өтті. 147 адам қаралып тексерілу арқылы болашағына бейжай қарамауға шешім қабылдады.

**Аяулым СОВЕТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Отініш білдіргендер арасынан қатерлі кесел күдігі байқалған 3 жағдай анықталған. Сондай-ақ, 20 адамда қатерлі ісікке дейінгі жағдайлардың белгілері байқалған. Бұл көбіне жасушалардың құрылымында белгілі бір өзгерістер (деградация, мутация) болатын ауруларға негізделген.

Ақ халаттылардың айтуынша, науқастарға 27 зерттеу жүргізілді. Нәтижесінде жасушалардың құрылымында өзгерістері бар аурулар кездескен. Мұндай жағдайлар онкологиялық аурулардың алдында азды-көпті болуы мүмкін. Бұл белгілерді анықтау арқылы қатерлі ісіктің алдын алуға мүмкіндік жоғары.

Осындай оқпалықтардың алдын-алу мақсатында дәрігерлер нәзік жандыларды денсаулығына немқұрайлы қарамауға шақырады. Қатерлі ісікке жол бермес үшін уақтылы анықтау және сауықтыру шараларына қатысу маңызды әрі ол үшін тіркелген жергілікті емханаларға бару жеткілікті. Сүт безінің қатерлі ісігінің дамуы әсіресе сайын арта түседі. Егер қатерлі ісік бір жақтағы сүт безінде дамыса, оның екінші жағында да даму қаупі жоғарылай түседі.

Тексеру шаралары орта есеппен 8-10 түрлі бағыттар бойынша өткізілетіндіктен, ертерек жүгінген тиімді. Дәрігер аурудың қаупін азайту мақсатында тиімді жолдар ұсынып, зерттеу жоспарын тағайындайды.



# «Ойыннан от шығады»

Балаға ерекше көңіл бөлу – баршаның міндеті. Олардың амандығы арқылы мемлекеттің табысты болашағын жарқын көзбен елестете аламыз. Алайда, қазіргі таңда кез келген жерде баланың құқығы оңай тапталуда. Өкінішке қарай олар өзбырлық пен қорқынышқа толы қоғамның куәгері болуға мәжбүр. Бұл туралы Президент Жолдауында да ерекше атап айтқан.

Қазіргі таңда көліктің алдынан жүгіріп шығып, жол бойында жанқиярлық әрекетке баратын балалар көбейіп тұр. Бас тігіп, бейнеролик үшін жолды кесіп өтетін жасөспірімдер өздерін осылайша өлімге итермелеуде. Әлі күнге әлеуметтік желілерде және WhatsApp мессенджерінде балаларға арналған «Жүгір немесе өл» жаңа ойыны жайлы ата-аналарға ескерту жасалуда.



## Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Республикалық мұғалімдер съезіндегі сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы кезде зорлық көрген, зардап шеккен балалардың ата-аналары тарапынан үндеу хаттар жиі келетінін айтқан. Президент мұндай хаттарды оқу оңай емес екенін де атап өтті.

– Соңғы уақытта маған зорлық-зомбылық көрген балалардың ата-аналарынан өтініштер келіп түсуде. Ашығын айтқанда, мұндай хаттарды оқу оңай емес. Жасөспірімдердің қылмыстық психологиясы мен кейбір мұғалімдердің немқұрайлығын құрбаны болған балалардың жай-күйі жүректі ауыртады, – деді Президент.

Жасөспірімдердің қылмыстық психологиясы жайлы мектептерде ата-аналарға жиі айтылғанымен, көңілден шығатын нәтиже аз. Мәселен, WhatsApp мессенджерінде балаларға арналған «Жүгір немесе өл» жаңа ойыны қазіргі таңда көп баланы компьютер мен телефонның алдына шақыруда. Бұл жөнінде Ішкі істер министрлігі «Әлеуметтік желілерде жасөспірім балалардың қауіпті әрекеттері туралы «Жүгір немесе өл» деп аталатын бейнероликтер тарап жатыр. Бүгінге дейін біздің

елде мұндай фактілер тіркелген жоқ» деген түсініктеме берді. Соған қарамастан, биылғы 9 айда республика бойынша көмелетке толмағандардың қатысуымен 2,5 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы орын алып, 200-ден астам бала қаза тапқан. Үш мыңға жуық адам жаракат алған. Ал, zakon.kz жолдардағы қауіпті ойын елімізде 2017 жылы пайда болғанын растайды. Соңғы 5 жылда осыған ұқсас қауіпті ойындар басқаша атаумен берілгенімен, түпкі мақсаты – балаларды әлі күнге дейін өмірімен қош айтысуға шақырып тұр.

Мәселен, Самат Қайратұлы есімді қарағандылық кішкентай тұрғын «Жүгір немесе өл» ойынын әлі ойнайтынын айтады. Ол ойын барысында бағдаршамның қызыл жарығы кезінде жолды кесіп өтуге асығады екен.

– Онда жолды кесіп өту керек, сол үшін көліктерге жақын жүргірген жақсы. Ол жерде көліктің алдынан тікелей жолды кесіп өту керек. Егер жолды жүгіріп өтіп, аман қалсаң жеңімпаз боласың. Мен әлі жеңімпаз болған жоқпын, – дейді 8 жасар оқушы.

Ойынды зерттеп көрсек, кураторлар жасөспірімдерге психикаға әсер ететін тапсырмалар береді. Басында тіркелуші өлім туралы ойламастан, қызығып ойнай


бастайды. Кейін ойын барысында қысымға ұшырап, соңғы жол – өлімге итермелейді.

– Көп жағдайда 9-14 жас аралығындағы балаларда өлім ойындарын ойнау жиі кездеседі. Жеткіңшектер бейнесі мен суреттер арқылы ойланып, интернеттен көргендерін нұсқау, тапсырма деп қабылдайды. Мұндай ойындарды ата-анасының тиісті назары мен қамқорлығынан айырылған балалар көбірек ойнайды. Сол арқылы өзінің жеңісін басқаларға дәлелдегісі келеді, – дейді қарағандылық психолог Сымбат Қуанышқызы.

Психологтың айтуынша, таныма ойын арқылы жасөспірім өзін өлімге итермелесе үшін, ата-ана баласымен сөйлесіп, оған мұндай ойын-сауықтың қауіптілігін ескертуі тиіс. Көлік қағып кетудің салдарынан өмір бойы мүгедек болып немесе өліп қалуы мүмкін екенін түсіндіргені жөн. Бұған Президент республикалық мұғалімдер съезінде тоқталған.

– Жалпы балаға психологиялық қысым жасалмауына, ең алдымен, ата-ана жете көңіл бөлуі керек. Ондай оқиға болса, мектептегі медиация қызметі мұғалімге және ата-анаға ескертіп, кәсіби медиаторлармен бірге балаға барынша көмек беруі тиіс, – деген.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы «Балаларыңыздың зорлық-зом-



## Реформа – өміршең өзгерістер

былық жасауына, қоғамдық тәртіпті бұзуына ерік бермеңіздер. Әсіресе, оларды мұғалімдердің алдында қорғамаңыздар. Баланың бетінен қақпаймын деп, оның теріс қылықтарына көз жұма қараудың соңы келешекте қайғылы жағдайға әкеп соқтыруы мүмкін», – деді.

Облыстың ішкі істер департаментіндегі жедел сақшылар биыл облыста оқу орындарына іргелес аумақтарда 261 құқық бұзушылық анықталғанын айтты. Жасөспірімдер құқығының бұзылмауын көздеген аймақтың тәртіп сақшылары осы мақсатта 300-ден астам білім ошақтарын аралапты.

– Әзірге Қарағандыда «Жүгір немесе өл» ойынына қатысты дерек тіркелген жоқ. Алайда, құрғақ асфальтпен сағатына 60 шақырым жылдамдықпен келе жатқан көлік тағы 20 метр жүргенде ғана тежегішті тежей алады. Қауіпті оқиғаның орын алуына үш секунд жеткілікті, – дейді ішкі істер департаментінің мамандары.

Балалар мен жасөспірімдердің білмей қылмысқа ұрынбауын ескерген олар «Мектеп» жедел-алдын алу шарасын ұйымдастырып, көмелетке толмағандарға дәрістер оқыған. Қоғам белсенділері де мектеп оқушыларына жолда не істеуге болмайтынын түсіндіріп, үнемі іс-шаралар өткізеді. Бірақ, олардың айтуынша, тіпті мұғалімдердің көмегімен де әр баланың санасына жете жеткізу оңай емес.

Соңғы уақытта мектеп оқушыларының телефондарына «Жүгір немесе өл» ойыны жайлы ұсыныстар жиі түседі. Жолға шығып, жақындап келе жатқан көліктің алдынан жүгіруге шақыратын ұсыныстар да азаймай тұр. Психологтар ата-аналарға апта сайын баланың әлеуметтік желідегі парақшаларына кіріп, немен айналысып жүргенін тексеріп, зерттеуге кенес береді. Олай болмаған жағдайда, балаңыз суицидтік ойынның құрбаны болуы мүмкін.

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

# 21 үйге көмір түсіріп берді

«Харекет» шаруа қожалығының басшысы Қуаныш ауылдастарына тегін көмір түсіріп берді.



## Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жомарт жанның бұл жолғы шарапатын Ақсу-Аюлы ауылының 21 отбасы көрді. Жасыратыны жоқ, қазір көмір бағасы шарықтап кетті. Әсіресе, ауылдағы ағайынның көңілі осыған алаң болып тұр. Ауылдың аз қамтылған отбасыларына көмір үлестірген Қуаныш мырзаның бұл игі ісі – үлкен азаматтық.

Білуімізше, фермер үнемі қайырымды іске қол созды екен. Бұдан бөлек, мал ұстағандарға шөп пен жем бағасын әлдеқайда төмен бағамен алып беруге ықпалын тигізеді. Аз қамтылған отбасыларға ет таратады. Бұдан басқа да шапағатын тигізеді.

Бір кездері халық болып бастаған бес бөлмелі үйдің құрылысын қазір өз қаражатына жүргізуде. Жаңа үйді

баспанаға мұқтаж отбасыға бермекші.

Жомарт жан жасаған жақсылығын жария еткісі келмейді. – Ауылдастарыма көмектескен сайын көңілім аспандайды. Қолыңызда бар болса, игілікті іске қол созған жөн деп ойлаймын. Әр жасаған жақсылығыңды Жаратқан еселейді, – дейді фермер.

Барымен бөлісетін фермерге ауылдастарының айтар алғысы мол.

Ауыл-аймақта Атымтай жомарттығымен аты шыққан азаматтар аз емес. Осындай азаматтардың арқасында ауылдардың түтіні түзу ұшып келеді. Ауылдастарына қол ұшын созатын ел-жанды жігіттер барымен бөлісуге әзір. Соның бірі – Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны Қуаныш Хантурин.

## Шет ауданы

# Адам өмірі – басты құндылық

Қарағанды медицина университетінің Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық институты «Кәсіби патология мамандарының қауымдастығы» қоғамдық бірлестігімен бірге ғылыми-практикалық конференция өткізді. Екі күндік шара еңбек медицинасы және медициналық экологияның дамыту перспективалары тақырыбын қозғайды. Елдің өзге өңірлерінен бөлек, мамандар Ресей мен Өзбекстаннан келді. Талқыланған мәселелер аймақтың ғана емес, елдегі еңбек медицина бағытын дамытуға үн қосады.

## Жансая ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Басқосуда талқыланған негізгі мәселелердің қатарында жұмысқа қабілетті тұрғындардың денсаулығын сақтау, кәсіптік аурулардың алдын алу, диагностикасы және ем, хризотил-асбестті қолдану, еңбек қорғау, өндірістік және қоршаған орта факторларының гигиеналық регламенттері секілді мәселелер бар.

Пленарлық отырысты ашқан оқу орнының ректоры, профессор Анар Тұрмұхамбетова еңбекші халықтың денсаулығын сақтау маңызды екенін айтты.

– Кез келген қоғамда адам өмірі – басты құндылық. Мұны Мемлекет басшысы да Жолдауларында айтып келеді. Жұмысқа қабілетті халықтың денсаулығын сақтау ісінде үш мақсат бар. Біріншісі – жұмыскерлердің жұмысқа қабілетін, денсаулығын сақтау, нығайту. Екінші – өндірістік орта мен технологиялық процестерді денсаулыққа зиян тигізбейтіндей жақсарту. Еңбек қауіпсіздігін сақтауға бағытталған жұмыс пен өндіріс мәдениетін қалыптастыру – үшінші мақсат. Елдегі тау-кен, көмір, мұнай-газ өндірісі, металлургия мен машина жасау халыққа да, аймақтың экологиясына да зиянын тигізеді. Өндіріс орындарының адам ағзасына әсерін, тәуекелдерді бағалау мен басқару, кәсіби және еңбек түрмен байланысты ауруларды емдеу-егі инновациялық әдістерді енгізу мәселелері осындай басқосударда



кеңінен талқыланады, – деді Анар Ақылбекқызы.

Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық институтының директоры Бауыржан Омарқұлов институттың биыл 65 жылдығы екенін атап өтіп, оның тарихы мен даму жолына тоқталды.

Институт тарихы 1918 өндіріс орны – Қарағандыдан 1958 жылдан бастау алады. Бүгінде ол – еңбек жағдайларының адам денсаулығына әсерін зерттейтін ғылыми, клиникалық және білім беретін орталық.

– Институтта кәсіби денсаулық клиникасы, қоғамдық денсаулық мектебі, санитарлық-гигиеналық ғылыми-зерттеу зертханасы бар. Клиникада амбулаторлық-емханалық, консультациялық-диагностикалық, стационарлық, оңалту көмегі көрсетіледі. Кәсіби аурулар-

ды анықтау бағытында жұмыстар жүргізіледі. Мәселен, былтыр 260 жылы бұл көрсеткіш 65 болатын. Өткен жылы клиникада барлығы 900-ге жуық адам тиісті көмегін алды. Соңғы үш жылда кәсіптік аурулардың артып келе жатқанын байқаймыз, – деді ол.

Бауыржан Омарқұлов сөзінде медициналық тексерулердің дұрыс жасалмауы, оңалтудың жүргізілмеуі, кәсіптік ауруларды жасыруды, гигиена және кәсіптік аурулар мамандарының ташпылығына да атап өтті.

– Еңбек медицинасы саласында бірқатар мәселелер бар. Еңбек жағдайын бағалауды сапасыз жүргізу салдарынан кәсіби тәуекелдерді, зиянды және қауіпті еңбек факторын толық бағалау мүмкін емес. Содан, еңбек талаптарын

орындаумен байланысты сараптама жүргізу мүмкін болмайды. Мұнай-газ, құрылыс, теміржол, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларда кәсіптік аурулар анықталмайды. Кәсіпорындарда

медициналық профилактикалық шаралар жасалмайды. Соның салдарынан көмір және тау-кен өндірісінде 2 мыңнан астам адам кәсіптік ауруларға ұшырау қаупі бар. Жұмыскерлердің санитарлық-гигиеналық талаптарға жауап бермейтін еңбек жағдайларын жақсарту қажет. Еңбекқақысын көтеру, сапалы медициналық көмек көрсету, жұмыс уақытын азайту, қосымша төленетін еңбек демалысы, міндеттік кәсіптік аударымдар сияқты әлеуметтік сипаттағы қолдау шаралары еңбек медицинасы саласындағы көптеген мәселелердің шешімін табуына мүмкіндік берер еді, – дейді Бауыржан Омарқұлов.

Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс бас профпатологы Айгүл Аманбекова елдегі еңбек медицинасының жай-күйі жайлы

баяндады.

Былыр Ұлттық статистика бюросының дерегінше, зерттелген 1,6 млн. жұмыс орнының ішінде 375 мың адам санитарлық-гигиеналық талаптарға сай келмейтін орында жұмыс істейтіні анықталған.

– Жоғары шу мен дүбір жағдайында – 45,2%, жұмыс орнындағы газ бен шаның жоғары деңгейінде – 32,2%, ауыр физикалық еңбекпен – 25%, қалыпты емес температуралық жағдайда – 16,5%, қауіпсіздік талаптарына жауап бермейтін орындарда жұмыс істейтін адамдардың үлесі – 1,2%. Санитарлық-гигиеналық нормаларға сай келмейтін жұмыс орындарында істейтіндердің көбісі Павлодар облысында – 44,3%, Қарағанды облысында – 42,6%, Маңғыстау облысында – 38,4%, Жамбыл облысында – 27,4% және Шығыс-Қазақстан облысында 27,2%-ды құрайды, – деді Айгүл Аманбекова.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің дерегінше, былтыр ел бойынша өндіріс орындарында 1 млн-ға жуық адам, нақтыласақ, 999 203 адам жұмыс істеген. Оның 228 мыңнан астамы – әйелдер. Зиянды жұмыс орындарында 700 мыңға жуық адам еңбектенеді. Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтіндердің 61 336-сы – Қарағанды облысы тұрғындары.

– Кәсіптік аурулардың құрылымына келсек, 40,37%-ы – кәсіптік арозольдерді пайдалануға, 30%-ы – желкелеген органдар мен жүйелер жұмысының бұзылуына байланысты, 23,77%-ы – физикалық факторлардың әсеріне байланысты. Одан басқа химиялық, биологиялық, аллергиялық факторларға, катерлі ісіктің пайда болуына қатысты аурулар бар. Ел бойынша барлығы 8 168 адам кәсіптік аурулармен есепте тұр. Ең көбі – Қарағанды облысында. Аймақта – 4 557 адам есепте. Кәсіптік аурулар көрсеткіші – «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «Востокцветмет» ЖШС, «Қазцинк» ЖШС, «Қазфосфат» ЖШС

кәсіпорындарында жоғары. Науқастардың 30%-ында екі-үш ауру түрін екенін де айта кету керек, – деді Айгүл Өкенқызы.

Баяндамашының айтуынша, елде кәсіптік ауруларға шалдыққандар саны артып келеді.

– 2020 жылы алғаш анықталған 281 науқаста 394 жағдай анықталды. 2021 жылы 413 науқаста 625 жағдай тіркелді. Былтыр 703 науқаста алғаш рет кәсіптік аурулар анықталып, жағдайлар саны мыңнан асты. Былтырғы деректерді 2021 жылмен салыстырсақ, кәсіптік аурулардың 70%-ға артқанын көреміз. Ауырғандардың негізгі тобын 40-59 жас аралығындағылар құрайды. Олардың үлесі 72%-дан асады. 30-39 жас аралығындағы адамдардың 18%-ында, 60 жасстан асқандардың 5,4%-ында кәсіптік аурулар кездеседі. Анықталатын кәсіптік аурулардың көрсеткіші нақты жағдай емес. Кәсіптік аурулардың негізгі бөлігі жалпы ауру-сырқау қатарына қосылып кетеді. Сондықтан, еңбек жағдайы барысында денсаулығына нұқсан келген жұмыскерлер тиісті медициналық көмекті алмай, берілуі тиіс әлеуметтік төлемдерден қағырлады, – деді Айгүл Аманбекова.

Мәскеуден келген Н.Измеров атындағы еңбек медицинасы ғылыми-зерттеу институтының профессоры Евгений Ковалевский хризотил-асбесттің әсерінен пайда болуы мүмкін катерлі ісік жайлы баяндама жасады.

Конференция жұмысы үш бағыттағы секция жұмысымен жалғасты. Еңбек медицинасы саласындағы гигиеналық, экспериментальді, эпидемиологиялық, клиникалық зерттеулер талқыланды. 56 баяндама ұсынылғанын айта кету керек. Сонымен қатар, медицина қызметкерлерінің COVID-19 жұқтыру тәуекелдері туралы дөңгелек үстел, медициналық тексерулер жүргізу мен еңбекке жарамдылық мәселелерін қамтыған семинар да, жас ғалымдардың конкурсы да ұйымдастырылды.





• ТАНЫМ

# Армысың, Аймауытовтың «Ақбілегі»!

Ақбілек пен Ақбала. Осыдан жүз жыл бұрын жазылған Жүсіпбек Аймауытовтың романының атауына өз есімін сыйлаған Ақбілек қазан төңкерісі желген азаматтық соғыстың құрбаны болса, шығармадағы басты кейіпкердің бірі – Ақбала – төңкерістің түлегі. Ол – «әмір иесі болуға құмартқан қызыл комиссар, коммунистік партияның жас төресі, қиялшыл жігіт. Болмайтынды болдырам деп, кейде ұзын шабатыны бар. Сөзді тәуір көреді».

Автордың Ақбілектің міні ретінде атап өткен сөзге жақындығы бізге романның қашан, қай елді мекенде жазылғанын анықтауға өз септігін тигізді.

Совет сыншысы С.Мұқановтың 1932 жылғы куәлік етуінше «Ақбілек» ерте кезде «Әйел теңдігі» журналында басылып жүрген. Бірақ толық басылған жоқ. Әйткенмен, Сәбит романды толық күйінде Жүсіпбектің өзінен оқыған екен. Алайда, бір өкініштісі Мұқанов қолжазбаны нақты қай жылы оқығанын атамапты.

«Ақбілек» романының толық нұсқасының жарық дүниеге келуі шамамен 1927-1929 жылдар деу дұрыс болар. Өйткені, 1929 жыл Жүсіпбек шығармашылығының соңғы жылы болып шықты. 1931 жылы заңсыз атылып кеткен Жүсіпбек Аймауытов 1929 жылы қамауға алынған еді.

Қай автордың болсын прозалық көркем шығармасы бір күнде, бір жылда қағазға түсіп бітпейтінін әдебиет тарихы растайды. «Ақбілек» романын автор бірнеше жылда, небір ел-жұртта, әркілі ортада жазғаны да шындық. Ашық ақпарат көздерінде романның қай аймақта жазылғаны жайлы айтылған бірнеше болжам пікірлер бар. Бірі Ақбілектің Алтайн атайды, екіншісі шығарманы Шымкентке байлайды. Біз «Ақбілек» романының жазыла бастау уақытын Жүсіпбек Аймауытовтың 1922-1924 жылдары Қарқаралыда мұғалім болып қызмет атқарған кезі деген байламға қосыламыз.

Бұл тұжырымның дұрыстығын роман мәтіні мен архивтік деректері дәлелдейді. Мұрағаттағы құжаттардың мән мәтіні Аймауытовтың Семей қаласынан Қарқаралыға шығармашылық еркіндік іздеп келгенін аңдатады.

Жазушы Аймауытов романа алғы сөзі ретінде «Оқу – ақыл тілегі. Сүю – сезім тілегі» деген эпиграф алыпты. Автордың «Оқу» мен «Сүю» сөзіне біз романның туына себепші болған, алайда автор ағайын өткен үшінші сөздің басын айтып қалмапты. Ол сөз: «Шығармашылық – еркіндік тілегі». Оқу – теңдік. Сүю – татулық. Еркіндік – құқық.

Өркімнің өмір сүруге құқығы бар. Алайда, әр заманның заң мінезі құқықтың нақты іске асуына жол бермейді. Төңкеріс тілегі – құқыққа қорғаныссыздығын күйін кештіру. Төңкеріс – еркіндікті тыюшы, тежеуші қара күш. Еркіндіксіз теңдік те жоқ, татулық та жоқ.

Автор қаласын-қаламасын өзінің қаламынан шыққан көркем шығармада автордың бет-бейнесі, ішкі сырының іздері қалатын бұлжымас заңдылық бар. Ол заңдылықты Аймауытов та айналып өте алмаған. Романаға қыз Ақбілектің атын берген автор шығармада өзі туралы хабар жеткізер құқықты комиссар Ақбалаға табыстанты.

Романының «Махаббат» бөлімінде Орынборда оқуда жүрген Ақбілектің қолына Ақбаланың күнделігі түседі. Ақбілектің өзінің дос қызымен Ақбаланың күнделігін оқыр алдындағы диалогын келтірелік: «– Камилла-ау, дәптерді оқымай тұрып, саған айта кетейінші. Ақбала өзі әуелде Семейде қызмет қылған ғой. – Семейдікі ме еді өзі? – Ия. Семейдікі. Балташ та семейлік ғой. Семейде тұрғанда, Ақбала үлкен орында болған. Неліктен екенін білмеймін, бір жұмысынан қата тапты ма, Ақбаланы бір жылы қысты күні үлкен орнынан түсіріп, бір үйездік қаладағы үшкілге жіберіпті. Қызметтегі жігіттерді бірден-бірге ауыстырып отыратыны бар



ғой. Сол кішкене қалада тұрғанда, Ақбала осы дәптерге күндегі көрген-білгенін жазып жүреді екен. Өзі толып жатыр. Мен саған мына қызыл қарындашпен белгілеп қойған жерлерін оқымын».

Бізге Ақбаланың қызыл қарындашпен белгілеп қойған жерлерін тегіс оқу міндет емес. Мына диалогтағы Ақбала мен Аймауытовтың қызметтік өмірлерінің ұқсастығына ден қоялық. Ақбала сияқты Аймауытов та Қарқаралыға келмес бұрын әуелде Семейде қызмет қылған. Жазушы Жүсіпбек Қарқаралыдағы мұғалімдікке Семейден губерниялық оқу бөлімінің менгерушілігінен келген. Күнделікті күнкөріс тіршілігінің тұрғысынан қарағанда губерниялық оқу бөлімінің менгерушілігі үлкен орын деуге келер. Автордың біздің Қарқаралыда 1923-1924 жылдары болғанын оның құрамына Семей, Ақмола, Орал, Торғай облыстары, Астрахан губерниясының шығыс бөлігі кірді. Декретке сай Семей, Ақмола облыстары Кирревкомға қарағанмен 1919 жылдың желтоқсанына шейін екі облыста Колчактың Сібір үкіметінің билігі жүріп тұрған. Империяда орын алған азаматтық соғыста қызылдардан жеңілген ақтардың әскері Қазақ жерін баса көктеп өтіп жан-жаққа қаша бастайды. Солардың бір тобы – Алтай, Күржімге жетіп, Маркаөлдің маңайындағы Мамырбайдың ауылына шабуыл жасап, байддың байбінесін атып кетіп, қызы Ақбілекті қатындыққа алып кетеді.

1919 жылдың соңғы күндері Омбыдан қашқан ақты Сіуа Семейге қызыл әскермен бірге жеткен Кіребкомның көшпелі комитеті өздерінің Семейлік губерниялық революциялық комитетін құрады. 1920 жылдың 3 сәуірінде осынау Орынбордағы Кирревкомға бағынбайтын, тікелей Сибревкомға қарайтын облыстық билік орнына Жүсіпбек Аймауытов мүше болып тағайындалады. (Семей мұрағаты. Қ-72 т.І іс. 80. № 73 хаттама).

Романда баяндалған оқиғалардан біз Ақбілектің ағасы Төлегеннің үйінде, оның Семей губерниясының уездік бір қаласында азық-түлік комиссариатында қызмет істеп жүрген күнінде, сол қалада іссапарда жүрген Губревком члены Ақбала жолдастың қонақ болғанын білеміз.

Сөзді қазақша да, орысша да таза сөйлейтін Ақбала Сартау еліндегі болыстық, уездік аясындағы мәселені жалпы қазақстандық мәселе деңгейіне дейін көтере сөйлеп бағады. Ақбала өз сөзінде төңкеріс әкелген тап тартысы жайлы губернияда екі түрлі ағым барлығына егжей-тегжейлі тоқталады. Ақбала бұй дейді: «Бірінші ағымның айтатыны: қазаққа төңкеріс жасау керек: байдың жер-суын, мал-мүлкін, жазаласа артық қатынына шейін кедейлерге тартып әперу керек; пышақ үстінен бөліп беру керек, бай, кедей деген айырманы жойып, қолма-қол теңгеру керек. Әйтпесе, бай қолында малы тұрғанда, жер-суы тұрғанда, өмірі кедейге теңдік бермейді деседі. Бұл ағымды бастаушы кейбір орыс жолдастар; оларға қосылатын біздің Жақсылық етікші тәрзіді қаланың кедейлері

манда Ақбаланың қызметін көрсетуде сол заманның аббревиатурасын дұрыс қолданып отыр. Толық нұсқасы – Губерниялық революциялық комитеті. Революциялық комитеттер – 1917-1921 жылдары бұрынғы империяның аумағында құрылған төңкеріс комитеттері. Төңкеріс кезеңіндегі Семейде билік құрған екі губерниялық революциялық комитет болған. Екеуінің де тарихи қызық, екеуінде де «Ақбілек» романының авторы қызмет етіпті.

Қарулы төңкеріспен билікке қол жеткізген большевиктік Советтер үкіметі Мәскеуде 1919 жылы 10 шілдеде «Қазақ өлкесін басқару жөніндегі революциялық комитет құру туралы» декрет қабылдайды. Қысқаша «Кирревком» деген аббревиатуралық белгілі. Декрет бойынша оның құрамына Семей, Ақмола, Орал, Торғай облыстары, Астрахан губерниясының шығыс бөлігі кірді. Декретке сай Семей, Ақмола облыстары Кирревкомға қарағанмен 1919 жылдың желтоқсанына шейін екі облыста Колчактың Сібір үкіметінің билігі жүріп тұрған. Империяда орын алған азаматтық соғыста қызылдардан жеңілген ақтардың әскері Қазақ жерін баса көктеп өтіп жан-жаққа қаша бастайды. Солардың бір тобы – Алтай, Күржімге жетіп, Маркаөлдің маңайындағы Мамырбайдың ауылына шабуыл жасап, байддың байбінесін атып кетіп, қызы Ақбілекті қатындыққа алып кетеді.

1919 жылдың соңғы күндері Омбыдан қашқан ақты Сіуа Семейге қызыл әскермен бірге жеткен Кіребкомның көшпелі комитеті өздерінің Семейлік губерниялық революциялық комитетін құрады. 1920 жылдың 3 сәуірінде осынау Орынбордағы Кирревкомға бағынбайтын, тікелей Сибревкомға қарайтын облыстық билік орнына Жүсіпбек Аймауытов мүше болып тағайындалады. (Семей мұрағаты. Қ-72 т.І іс. 80. № 73 хаттама).

Романда баяндалған оқиғалардан біз Ақбілектің ағасы Төлегеннің үйінде, оның Семей губерниясының уездік бір қаласында азық-түлік комиссариатында қызмет істеп жүрген күнінде, сол қалада іссапарда жүрген Губревком члены Ақбала жолдастың қонақ болғанын білеміз.

Сөзді қазақша да, орысша да таза сөйлейтін Ақбала Сартау еліндегі болыстық, уездік аясындағы мәселені жалпы қазақстандық мәселе деңгейіне дейін көтере сөйлеп бағады. Ақбала өз сөзінде төңкеріс әкелген тап тартысы жайлы губернияда екі түрлі ағым барлығына егжей-тегжейлі тоқталады. Ақбала бұй дейді: «Бірінші ағымның айтатыны: қазаққа төңкеріс жасау керек: байдың жер-суын, мал-мүлкін, жазаласа артық қатынына шейін кедейлерге тартып әперу керек; пышақ үстінен бөліп беру керек, бай, кедей деген айырманы жойып, қолма-қол теңгеру керек. Әйтпесе, бай қолында малы тұрғанда, жер-суы тұрғанда, өмірі кедейге теңдік бермейді деседі. Бұл ағымды бастаушы кейбір орыс жолдастар; оларға қосылатын біздің Жақсылық етікші тәрзіді қаланың кедейлері

• БАЙҚАУ

## Оқырмандар ой толғады

Облыстық заңғип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапхана көру қабілеті бұзылған пайдаланушылар арасында «Менің сүйікті кітабым» атты республикалық эсселер байқауын өткізген еді. Байқауға облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы қолдау көрсетті. Жеңімпаздар анықталып, жүлделер табысталды.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»



Байқауға еліміз бойынша Алматы, Астана, Шымкент қалалары мен 12 облыстан, атап айтқанда Ақмола, Жетісу, Павлодар, Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Жамбыл, Ақтөбе, Қызылорда, Шығыс Қазақстан, Абай облыстарынан барлығы 53 үміткер қатысты.

Байқаудың I орын Жамбыл облысынан келген Мария Нисоновна иеленді. Оған диплом және 150 000 теңге ақшалай сертификат табысталды. II орынға Жетісу облысының өкілі Қарлығаш Бекенова лайық деп танылды. Жұлдегерге 120 000 теңге ақшалай сыйлық берілді. III орын Шығыс Қазақстан облысының намысын қорғаған Мария Сербаға бұйырды. Бұл жүлденің 100 000 теңге ақшалай сыйлығы бар.

«Көркемсөздің шебері» аталымын Шахтинск қаласынан Мейрам Абенон және «Алтын қауырсынды» Қарағанды қаласынан Татьяна Елаш қанжығалады. Жекелей аталымдардың қаржылай жүзде қоры – 40 мың теңге.

Марапаттау рәсімінде облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Нелдібаев сөз алып, жүлдегерлерді құттықтады.

– Барша жүлдегерлерді шын жүректен құттықтаймын! Сіздерге күш-қуат, шығармашылық табыс тілеймін. Әрқашан биіктен көрінулеріңізге тілектеспіз. Бүгінгі байқау жарқын сәттермен есте қалады деген сенімдемін. Жаңа дос тауып, жаңа ой түйдіңіздер. Жақсылық болсын,

Кітап – қашан да өз биігіңде болады. «Артық білім кітапта». Ізденген, оқыған адамның ой, өресі жоғары. Ал, ой, өресі жоғары азамат шығарды бағындырады. «Оқимын, талпынамын» деген өредерді қолдауға дайынбыз, – деді Ерлан Нелдібаев.

Марат АЗБАНБАЕВ

• КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

## Сұлулық сыйлаған

Бүгінде Приозерск қаласында өз кәсібін бастауға ниеттілер жыл санап көбейіп келеді. Қала әкімінің грантын ұтып алғандар қатары да аз емес. Кәсіпкерлік бастамаларына берілетін жеңілдетілген несиеге сұраныс артақан. Кәсібін жандандырғандардың қатарында «Әлия» салонының иесі көпбалалы ана Әлия Ғалиева бар.

Нұрлос КӨРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлия 2011 жылдан бері оқыту курстарынан шаш кию мен сәндеудің сырын біршама менгеріп алған. Жеке кәсіп ашуды көздеген ол қолына қайшысын мен тарағын алып, өз күшімен 2016 жылы шаштараз ашып, тұрғындарға қызмет көрсете

те бастайды.

– Адам баласы іздене білсе, бәрине де қол жеткізеді екен. Өзге құрбыларым секілді «Дипломым бар, жұмыс табылады» деп босқа уақыт өткізбей, шаш сәндеу мен бет әрлеудің сан түрлі құпияларын білуге және оны пайдалануға күш салдым. «Менің де жеке салоным болса, келушілердің көңілінен

шығатындай қызмет көрсетер едім» деген оймен біраз істерді жоспарлап жүретін едім. Тілегім орындалып, кәсібімді бастап кеттім. 2019 жылы бизнесімді кеңейту мақсатында қала әкімінің қайтарымсыз грантын иелендім. Бұл маған үлкен көмек болды. Сол қаржыға шаш кию мен сәндеуге арналған түрлі құралдарды сатып алдым. Шағын



қала болса да, келушілер қатары мол. Қай кәсіптің иесі болсаң да, күнделікті ізденіп, жаңалықтарды біліп отыруың керек. Сонда ғана келушілердің талғамынан шығасың. Мысалы, келушілердің бет-әлпеті мен жас шамасына қарай шашын сәндей білсең, құлпырып шыға келеді. Сондай-ақ, пайдаланатын бояулардың сапасы жөнінде білгенімді айтып, күтінуге жолдары туралы кеңес беремін, – дейді Әлия Ғалиева.

Приозерск қаласының тұрғындарына сұлулық сыйлап жүрген Әлияның айтар кеңесі де жеткілікті. Кәсібін кеңейтуге байланысты жоспары да айқын.

ПРИОЗЕРСК



# Абызға лайықты тұлға еді

Қайран Тұрсынқең де – абадан әке, абыралы ата, байырғы профессор, ІІМ ардагері, отставкадағы полиция полковнигі Тұрсынбай Кәкімжанов қайтыстағы көш-көрүеніне ілесіп жүре берді-ау. Ақсақал деген абыз атқа әбден лайық, Қарағандының мүйізі қарағайдай маңдайдайды жоғары оқу орындарында – Ішкі істер министрлігіне қарасты Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясында, Орталық Қазақстан академиясында және «Bolashaq» академиясында тәлім берген, ғұмырының көп бөлігін мемлекеттік қызметке арнаған бірегей тұлға болды. Мұны ғылыми-педагогикалық, қызметтік өтілі растайды. Әйтсе де, адамның өмір жолы тура, тап-ғұйнақтай тегіс те болмайтыны кәдік. Қай қызметте жүрсе де елдің ықыласына бөленіп, адамға, елге, жерге қызмет етудің ерен үлгісін көрсетіп өткен оның ғұмырының да өзіндік қиындығы молынан болды.



Өмір деректеріне жүгінесек, ол 1939 жылғы 20 қаңтарда Қостанай өңірінің Торғай (қазіргі Жанкелді) ауданының Байдос қыстағында дүниеге келген. Бойына табиғат сыйлаған сабырлық, ұстамдылық, табандылық, әр құбылысқа байыпша қарау, терең бойлау сияқты асыл қасиеттері осы киелі Торғай топырағынан жұқса керек. «Байлық – қанағат пен еңбекте» деген Ыбырай Алтынсарин атамызның тәліміне мойынсұнып өтті. Бұлай болмауы да мүмкін емес еді, елім деген еңіреген ерлердің, халқым деп аңыраған алаш ұлдарының ордасы емес пе еді кәрі Торғай.

Өкпен ерте айырылып, анадан ерте қалып, жетімдіктің есігін қаққан ол ағайын арасында, балалар үйінде тәрбиеленіп өсті. Алғашқы тума құрамы да сыртынан пішіліп, әкесі Кәкімжанның орнына Сегізбай атасы «әке» ретінде жақылышты. Көпшілік оны Сегізбайұлы деп те танытын еді...

Тауқиметі мен қасіреті тең дүниесүйлік алапат соғысты балалық шағында өткізіп, ауырлық мен қиындық мол 50-жылдарға бозбалалық шағын арнады. Сол кездің адамна тән ортақ белгі – оқуға құмарлық, білімге құштарлық-тың, білім алуды көксеумен алыс арманын жақындата түскендердің қатарында Тұрсынбек Кәкімжанұлы да бар еді. Осы құшыны оны КСРО Ішкі істер министрлігінің Свердлов өрт-техникалық училищесіне алып келді. Бұл кезін Тұрсынбай Кәкімжанұлы жылы лебізбен, ерекше ықыласпен еске алатын. Орыс тілін нашар меңгерген қазақстандық қалыпт қатарында өз орнын еңбекқорлықпен дәлелдеу ұмтылып, орыс тілін етене үйренуіне тура келді. Намысқа тырысты, «кейде ойы мен ниетінің дұрыс екенін жудырықпен дәлелдеуге тура келді, - деп», жымиып еске алатын. Әйтсе де мұндай сәттер оның мінез-құлқын шыңдап, әділетсіздіктен өзін қорғауда, өз ұстанымын сақтауда, жолдастарының арасында бөделін күшейтуге мүмкіндік берді. Ұйқысыз түндер бекер кетпеді, орыс тілін терең меңгерген соңша, оны өзінің емің-еркін сойлейтін қосымша тіліне айналдырды.

Ішкі қызмет лейтенанты Тұрсынбай Кәкімжанов училищенің үздік бітіріп, Қостанай облысына оралып, өрт сөндіру бөлімінде, одан кейін ішкі істер органдарында жемісті қызмет атқарды. Болашағы зор жас офицер ретінде 1967 жылы КСРО ІІМ Жоғары мектебінің Алматы факультетіне күндізгі оқу бөліміне жіберіліп, оны 1971 жылы қызыл дипломмен тәмамдады. Жоғары оқу орнында оқын жүргенде-ақ ғылыми-танымдық жұмысқа бейімділік таныты, қоғамдық өмірге белсене араласты – «Білім» қоғамы арқылы Қарағанды облысының еңбеккерлеріне дәрістер оқып тұрды. Жас жігіттің алғырлығын айтамыз бұл. Оның оқудағы осындай жетістігін басшылық елеп-ескеріп, жоғары оқу орнына оқытушы лауазымына қабылданды. Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы, доценті атанды. Бұған қосымша 1977 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің білімділікті арттыру факультетін, ал 1989 жылы КСРО Ішкі істер министрлігінің жоғары академиялық курстарын бітірді. Қылмыстық құқық теориясы мен оны қолдану тәжірибесін терең білу, құрсанттарға өз көзқарасын жеткізе ала отырып, маңызды мәселе бойынша ортақ пікірді қалыптастыра алу қабілеті жас оқытушыға кез келген аудиторияда өзі еркін ұстап, сезінуге мүмкіндік берді. Доцент Т.Кәкімжанов академиядағы әріптестері мен

бер-талімгер дәрежесі, көптеген Құрмет грамоталары, Алғыс хаттармен марапатталғаны тағы бар.

1995 жылы ішкі істер органдарының ардагері атанып, зейнетке шықты. Дегенмен еңбексіз үйде отыра алмасы да анық еді. Сөйтті де облыстық Салық инспекциясы заң қызметінің тұңғыш бастығы лауазымына тағайындалды. Өзі үшін жаңа сала. Жалпы дағдарыс, кәсіби мамандардың тапшылығы, салық түсімінің жоқ кезі. Нормативтік актілердің орындалу сапасы төмен. Досы профессор Юрий Иванович Лухтин: «Салық көздерінің толық айқындалмаған, облыстық бюджеттің жұқалтаң кезі. Түрсең бақылау мен тексерудің тиімді тәсілдерін таба білетін. Базарларды аралап жүріп, салық жинаған кезіміз де болған. Қалаларды тамаша таңдайтын» – деп, Түрсең тарапына әділ бағасын бергені бар.

Тұрсынбай Кәкімжанұлы тәуелсіздіктің алғашқы сәтінде еңбек қоғамды жанарту, рухани құндылықтарды анықтау, сақтау, дамыту сияқты аса күрделі мәселелерді шешуге тікелей араласты. Қайыра оқытушылық қызметіне ауысты. Өзі жақсы кісіге қайда да болса бір кісілік орын бар. «Фемид» заң институтында, қазіргі – Орталық Қазақстан академиясында декан, проректор қызметтерін атқарды. Ісіне ықпалдағаты оны енді «Болашақ» академиясы шақырды. «Болашақтың» ұжымы жүрегіне жылы келгенін жасыра да алмай ашық айтатын. Мұнда да байырғы досы Ю.И. Лухтин екеуі тағы да қызметтес болып, небір жақсы бастамалар мен келелі істердің ұйтқысы болды. Бір ғана мысал. 2008 жылы университет ұжымы профессор Н.О.Дулатбековтің редакциясымен «Ювенология» оқулығын «Жеті жарғы» баспасынан мол тиражбен шығарды. Бұл Қазақстанда жаңа қалыптасып келе жатқан ювенальдық әділет жүйесіне жоғары білікті мамандарды дайындау үшін қажетті тұңғыш та тұрлаулы еңбек ретінде бағаланды. Әділет министрлігі оқулықты бірегейлігін танып, қосымша тиражын шығартты. Бұл еңбектің толыққанды болып шығуына Түрсең аянбай еңбек сіңірді. Жалпы, заң, құқық саласының әрбір ұсақ-түйегіне дейін мән беріп, жеріне жеткізе талдап, таразылап, барынша ұғынықты түсінік жасайтын.

Еліміздің бүгінгі мен ертеңіне қызмет етіп жүрген мамандар сапында Түрсең алдын көрген жүздеген адам бар. Қазіргі уақытта олардың барлығы дерлік заң саласында жемісті еңбек етіп, қызмет атқарып жүр.

Балалары да әке жолын қуады. Қызылары Роза мен Гүлмира ірі қызметтердің басын қайырып жүрсе, Мәскеудегі РФ ІІМ Басқару академиясының докторантурасын бітірген ұлы Мұрат Кәкімжанов отставкадағы полковник, заң ғылымдарының кандидаты.

Әр адамның берері болады. Жер бетіне шыр еткен ылды адам адамға ұстас дейді. Қасында жүріп алармыз аз болған жоқ. Осындай орайдан бір ой айтып өтсек дейміз. Ежелгі Элладаланың Хирон туралы әйгілі мифінде зейін иесі – адам, қарын иесі – жануарды пенде басты, жылқы денелі кентаврға шебер біріктіріп, саналы тіршіліктің кішкене ғана модель, макетін жасап беріп кеткені аян. Сана – кентаврдың жоғарғы жағы, болмыс – төменде екен. Бұл қазақ топырағындағы бұлдыр-бұлдыр аңыз, ертегі дүниесі «Аяз биді» алдымызға тартады. «Сыпайының тонын Жеткізіп пішеді» дейді қазақ. Түрсең сыпайы да қарапайым еді. Еңдеп, зиялы дегеніміз білімді ғана емес, халық қамын жеген, бойындағы барын соған сарқа жұмсаған алғайды екен. Қазақ зиялыны осылай ұғады. Біз де Тұрсынбай Кәкімжанұлын осылай ұғып, бағаладық. Шын мәніндегі зиялылығы мол тұлға еді. Ақ адал көңілімен, кісілік кішіпейілділігімен, адамшылық абзалдығымен сыйлы болды. Бекзат болмыс, биік парасат-пайым иесінің өткен өмірі, кешкен ғұмыры, еңбек жолы өшпес өнегеге толы, баршаға үлгі етуге тұрарлық. Жатқан жері – жайлы, топырағы – торқа болсын!

**Болат СЫЗДЫҚ,**  
заң ғылымдарының кандидаты, профессор,  
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі  
**Елеужан СЕРМОНОВ,**  
заң ғылымдарының кандидаты  
№598

## • ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

# Жастарға қолдау бар

Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ DE MONTFORT UNIVERSITY-дегі Ұлыбритания – Қазақстан мемлекетаралық 10-шы комиссиясының жұмысына қатысты.



**Аяулым СОВЕТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Оқытушылар кездесуде жоғары оқу орындарындағы білімнің деңгейі мен оның сапасын арттыру тақырыбын қозғайды. Кездесуде 25 000 қазақстандық, сондай-ақ 38 000 шетелдік студент бас қосты.

Осы орайда елімізде Британ университеттерінің оқытушыларымен бірлескен 1500 ғылыми жоба, 180 қос дипломды бағдарлама және 62 бірлескен білім беру бағдарламасы бар екенін атап өткен жөн. Оған қоса «Болашақ» бағдарламасы студенттерге қолдау көрсетуді табысты жалғастыртады.

Кездесуде студенттердің академиялық ұтқырлығын, оның ішінде, «Болашақ» бағдарламасы бойынша ынтымақтастық бағыттарын кеңейту ұсынылды. DR Suzanna Tomassi, William Lawton, David Lock, Dr. Bhavna Dave, Jonathan French және Eduardo Ramos өз баяндамаларын ұсынып, британдық және қазақстандық білім беру жүйелерінің айырмашылықтарын, бірлескен білім беру бағдарламалары және TNE үрдістері жайлы тәжірибелерімен және білімдерімен бөлісті.

Жиында Қарағанды техникалық университетінің ғалымдары Британ университеттерімен халықаралық байланыстарды нығайтып, білім беруге дайын екенін білдірді.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Казэронавигация» РММ ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес Қарағанды қаласындағы «Басқару мұнарасы мен инфрақұрылымы бар әкімшілік-техникалық ғимарат салу» жобасы үшін орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттар үшін орман қоры жерлерінің санатынан басқа санаттағы жерлерге ауыстыру бойынша көпшілік талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Қоғамдық талқылау 16.11.2023 ж. бастап 13.12.2023 ж. дейін бірінші экологиялық портал (<https://ecoportal.kz/>) сайтында өтеді.

Барлық ескертүүлەر мен ұсыныстар осы күндері қабылданады және осы мерзім өткеннен кейін ескертүүлер мен ұсыныстар қабылданады. Ескертүүлер мен ұсыныстар үшін жоба құжаттары тобымен Бірінші экологиялық порталда танысуға болады.

«Казэронавигация» РММ бөлімінің маманының байланыс деректері: Қарағанды қ. «Сары-арқа» әуежайы, Есептік тоқсан 067, құрылыс 10, тел:8(702)5424266. эл.мекенжайы: farhat.kunanbayev@ans.kz

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

РГП «Казэронавигация» в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по переводу из категории земель лесного фонда в земли других категорий для целей, не связанных с ведением лесного хозяйства для проекта «Строительство административно-технического здания с диспетчерской вышкой и инфраструктурой».

Публичные обсуждения состоятся с 16.11.2023 г. по 13.12.2023 г. на сайте Единый Экологический портал (<https://ecoportal.kz/>). Все замечания и предложения принимаются в эти дни и по истечению данного срока замечания и предложения не принимаются.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений.

Наименование и контактные данные ответственного специалиста РГП «Казэронавигация», г.Караганда, Аэропорт «Сары-Арқа», учетный квартал 067, строение 10, тел:8(702)5424266. эл.адрес: farhat.kunanbayev@ans.kz

№600

## • ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ

# Антыңа адал бол, сарбаз!

Жақында 44 841 әскери бөлімінің күзет ротасында Отан алдында борышын өтеп жүрген қатардағы жауынгер Ринат Нурдинов «Қарулы Күштер үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Жауынгерлік дайындықта ерекше көзге түскен сарбаз қошеметке бөленді.



Ринат Серікпайұлы – бала кезінен шымыр. Әскер қатарына шақырылмас бұрын Қызылордада орналасқан Жалаңтөс Баһадур атындағы олимпиадалық дарынды мектепте ауыр атлетикамен шұғылданған.

– 14 жасымда аталмыш спорт түріне қызықтым. Жаттықтырушы Арман Әшімовтің қолдауымен біраз жетістікке жеттім. 2019 жылы Қостанай қаласында өткен жасөспірімдер арасындағы

чемпионатта күміс, 2020 жылы Орал қаласында өткен чемпионатта күміс, 2021 жылы Алматы қаласында жасөспірімдер арасында өткен жарыста қола жүлдегер атандым, – дейді ол.

Ринат қару арудан, дене тәрбиесінен жоғары көрсеткіштер көрсетіп келеді.

**Дуан ЖҰМАШҰЛЫ,**  
Прозерек гарнизонының баспасөз хатшысы

## • АКЦИЯ

# Сақтық шараларын түсіндірді

Қарағанды-Сұрыптау станциясы желілік полиция бөлімінің қызмет ету аумағында желілік полиция бөлімі әкімшілік полиция бөлімдерінің инспекторлары мен Қарағанды-Сұрыптау станциясының еңбекті қорғау инженері А.Чепурной «Токтаңыз! Басып кету қаупі бар!» акциясы аясында № 85 орта мектептің 6 сынып оқушыларымен кездесу өткізді.

Кездесу мақсатына орай, жиында келген тәртіп сақшылары көмелетке толмағандардың әкімшілік құқық бұзушылықтарын анықтау, олардың құқықтық сауаттылығын арттыруға атсалысты. Теміржолда жүру ережелерін түсіндіру, сондай-ақ, көмелетке толмағандардың жарақаттануын, құқық бұзушылықтарын және қыл-

мыстарын болдырмау жөнінде түсіндірді. Жолаушылар пойыздарында әйнектің сынуын, жолға бөгде заттарды салудың алдын алу және жолын кесу бойынша дәріс оқыды.

Аталған тақырыпта оқушыларға бейнебаян көрсетіліп, көрнекі құрал, жаднама таратылды.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

## «QAZBILIM Qaragandy ұлттық лицейі» ЖШС

№KZ34LAA00035479 мемлекеттік білім беру лицензиясы негізінде 5-11 сыныпқа негізгі және жалпы орта білімді мемлекеттік стандарт негізінде тегін көрсетеді.

Бұдан тыс Назарбаев Зияткерлік мектебіне дайындық, ielts, жазу өнері, ҰБТ-ға дайындық, функционалдық сауаттылық, оқу сауаттылығы тағы басқа да бағытындағы қосымша білім беруге міндетті ақылы қызметтер ұсынады.

**«QAZBILIM Qaragandy ұлттық лицейі» ЖШС ресми ақпараты.**  
№597

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сөнім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы [fink.kar@minfin.gov.kz](mailto:fink.kar@minfin.gov.kz)

д

# 43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны





## • КӨКЕЙКЕСТІ

# Төл өнерге төр бұйырмай келеді

Қарағандының өнерпаздары мен өнер сүйер жұрты 1000 көрермен сыятын концерттік зал қажеттігін айтып, зар қақсағалы қашан?! Талай жыл. Бұл мәселе біздің «Орталықта» да сан мәрте көтерілген. Мәселен, газеттің осы жылғы 21 қаңтардағы №8 (23 184) санында белгілі қоғам қайраткері, ғалым, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ректоры Нурлаң Дулатбеков те өзінің «Рухымыз асқақ болсын десек...» атты мақаласында өткір көтерген болатын. Автордың «Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестігі қалалық ширктегі аңдармен қосы қонып отыр. Осы дәйектемелердің өзі-ақ Қарағандыдағы мәдениет саласының кеңілеп қалғанының айқын көрінісі» деген пікірін бүгін қайта жаңғыртып отырмыз.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеншілер шаһарында 1000 көрермен сиятын зал жоқ. Құрамында 400-ден астам өнерпазы бар Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестік жат үйде жауапкершілікпен баланың күйін кешіп келеді. 30 жыл бұрын цирк ғимараты басы бүгін берілді. Бірақ, ол шешім емес. Хайуанаттардың өнерін тамашалайтын орындар өнерпаздар ордасы деуге әсте келмейді.

Бірақ, цирк қайда, беззада ұлттық өнер қайда? Екеуінің арасы жер мен көктей. Өнер жұлдыздарының басым көпшілігі осында ән айтқысы келмейді. Әнші түгелі рухани азық іздеген мәдениеті жоғары көрермен де, зиялы қауым да жан-жануарлардың нәжісінің иісі сінген жерде отырғысы жоқ. Мұны концерттік бірлестіктің басшысы Талғат Ыдырысов та айтып отыр.

— Бізге көршілес елдерден цирктер келеді. Олар мұнда апталап жатады. Бірнеше күн өнер көрсетеді. Жануарлардың түрлі иісі сіңіп қалады. Басқасын айтпағанда, тіпті, дәлізге жүру мүмкін емес. Әсіресе, арыстанның нәжісі ерекше жағымсыз. Жыртқыштарға жемтікке әкелінген ет те иістенеді. Тиісінше сақталмайды. Ел алдында өнермен жарқылдап жүрген таланттарға хайуанаттар сайран салған сахнаға шық деуге қалай дегіңіз барады?

Астана мен Алматыны былай қойғанда, Қарағанды секілді барлық қалада жеке концерттік зал бар. Жақын күндері өзім Қызылордаға жол жүрейін деп отырмын. Сол жақта да биыл концерттік зал бой көтеріп, салтанатты түрде ашылмақшы. Құрметтеп, шақырды. Бізде неге жоқ? Арқаның жұрты өнерге шөлдеп жүр, — деді Талғат Ыдырысов.



Бұл мәселені облыстық мәслихаттың депутаты Меруеш Башай да ұдайы көтеріп келеді. Депутаттың сөзінше, Қарағандыда концерттік зал салуға облыстық бюджеттің шамасы жетпейді.

— Қарағанды — Қазақстандағы үлкен облыс. Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестікте заманауи зал жоқ. 500-ге жуық адам өнер көрсететін 85 жылдық тарихы бар өнер ұжымына бір зал қажет-ақ. Өзге облыстарда танымал тарихи тұлғалардың атымен аталған мың жарым көрерменге арналған концерттік залдар бар. Өзім осы өнер ұжымында жүрген соң, проблеманы жақсы білемін. Заман бір қалыпта тұрмайды. Қарағандының өнер сүйер қауымы осы мәдениет ошағының көрермендері болатынына сенімім зор.

Биыл маусым айында Астанада өткен «Аманат» партиясының депутаттарының

өткен республикалық алғашқы форумында Мәжіліс депутаттары мен Мәдениет министрінің алдында республикалық бюджеттен ақша бөліп, қолдау көрсетуді ұсындым. Зал салу мәселесін бұрын да көтерген. Тіпті, сметалық жоба да жасалған екен. Өкінішке қарай, қолдау болмады. Айтылған сөз желге кеткен секілді.

Үлкен залдың құрылысын облыстық бюджет көтермейді. Бұған республикалық бюджеттен ақша бөлу қажет, — деді Меруеш Башай.

Қарағандыда үлкен концерттер «Кеншілер мәдениет сарайында», Сәкен театрында және «Шалқымада» өтеді. Ешбірине де 1000 көрермен сыймайды. Орындар саны 500 бен 600-дің айналасында. Тіпті, «Шалқыма» әуел баста кинотеатр болып ашылған. Мұны көбі білмейді. Халық сүйген республикалық деңгейдегі өнер

жұлдыздары бұл шаһарға ат басын бұра бермейді. Бірен-сараны ғана келеді. Өйткені, сатылған билеттен жиналған қаржы жолдарын да ақтамайды. Ал, ақтау үшін билет құнын қымбаттатуға мәжбүр. Қымбаттата да алмайды. Халық сөзсіз наразы болады.

Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестік «Кеншілер мәдениет сарайында», Сәкен театрына емін-еркін концерт өткізе алмайды екен. Себебі, оған рұқсат алу қажет. Қаншама қағаз жұмыстары бар. Уақыт шығындалады. Концертке дайындала ма, әлде, рұқсат алу үшін сенделме ме? Міне, мәселе осында. Берілген күннің өзінде 2-3 күнге ғана. Бір күні, әлбетте сахнаны декорациялауға кетсе, оның сыртында — мәдениет ошақтарының өз жоспары тағы бар. Өздеріне қатысы жоқ бірлестік үшін бастан асып жатқан шаруаларын кім ысырады?!

Елордадан, шетелден аса қадірлі меймандар келгенде Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестікті бетке ұстаймыз. Мақтаншымыз. Бұл — бүгін бір ұлттың өнерін аспандатқан біртуар дарындардың мұрасын сақтап, қазақ мәдениетінің кемесін батырмай жүрген өнер ұжымдарының бірі де бірегейі. Ал, жаһандану дәуірінің дауылы — қатты, толқыны — асау. Бетке ұстар бірлестігімізді сайқымазақ сайран салып, орман мақұлығы ойнақтаған, нәжісінің иісі сінген циркке отырғызып қойғанымыз «досқа — күлкі, дұшпанға — таба» қылатын секілді.

Қарағандыны «ел экономикасының жүрегі, қара алтынның отаны» дейміз. Соллай екені — ақиқат. Бірақ, Күләш Бәйсейітова мен Манарбек Ержанов тербеткен қазақ әнінің, Тәттімбет тербеткен шертпе күйінің алтын бесігі екенін де ұмытпаған абзал. Еліміздің түпкір-түпкіріндегі небір дүлдүлдер Арқадан жеткен асқақ дауысқа елендейтініне талай куә болғанбыз. Бізде Қайрат Байбосынов, Жақсыкелді Кемалов, Мейірхан Адамбековтер қалыптастырып кеткен алтын буын бар. Тізе берсеніз, көп.

Қазақстанда концерттік залы жоқ жалғыз қала — Қарағанды. Өнерпаздарды өгейсітіп, цирк жағалатқан да Қарағанды болып тұр.

## • БОКС

## Арқа боксшылары алты медаль олжалады

Бокстан Астанада жасөспірімдер мен жастар арасында Азия чемпионаты өтті. Чемпионатқа 23 елден 435 спортшы қатысып, 51 салмақ дәрежесінде сынға түсті. Чемпионат қорытындысы бойынша ұлттық құрама боксшылары ел қоржынына 15 алтын, 11 күміс және 15 қола медаль салып, жалпыкомандалық есепте II орын иеленді. Бұл қатарда облыс атынан қатысқан спортшылар алты медаль жеңіп алды.

Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжін чемпионатқа алты қыз қатысқан. Соның ішінде жасөспірімдер арасында 63 келі салмақта жұлдыздық Алина Құдайғенова алтын алқа тақты. 52 келіде шаршы алаңға шыққан Айша Сариева қола жүлдеге қол жеткізді. Ал, жастар санатында сынаға түсіп, 54 келіде жұлдыздық Мырзақұл Томирис пен 70 келіде өнер көрсеткен Азиза Исина қола жүлде жеңіп алды. Енді Алина Құдайғенова, Айша Сариева мен Манарбек Ержанов Арменияда өтетін әлем чемпионатына қатыспақ.

Осы спорт мектебінің тәрбиеленушісі, 71 келіде қолғап түйістірген Ислам Советов ел қоржынына алтын медаль салды. 46 келідегі Нығмет Нығман мен 92 келідегі Думан Нұржан қола жүлде жеңіп алды.

## • ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

## Қарағандылықтар ел қоржынына 18 жүлде салды

Қарағандыда жабық кешендегі Президенттік қоспайстың жазғы түрлері бойынша Қазақстан Кубогы өтті. Бесінші мәрте өткізіліп отырған дүбірлі байқауға биыл Астана, Алматы қаласынан бөлек, тоғыз облыстан 12-77 жас аралығындағы 150 спортшы қатысты. Бұл доғада облыс атынан қатысқан 55 спортшының 18-і ел қоржынына жүлде салды.

Қатысушылар спринт, пневматикалық мылтық ату, еркін жүзу, төзімділікпен жүгіру сынды спорт түрлері бойынша сынаға түсті. Төрт күнге созылған чемпионат нәтижесінде жүлде жиынтығы бойынша Қостанай облысының спортшылары алға шықты. Одан кейінгі сатыға Қарағанды облысының командасы, жүлделі III орынға Алматыдан келген команда табын тіреді.

Одан бөлек, жасөспірімдер спорт мектептері арасында өткен командалық сайыста облыстық мамандандырылған олимпиадалық резерв балалар мен жасөспірімдер мектебінің оқушылары жүлделі III орын иеленді. Ал, командалық сайыста облыстық «Олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша ШВСМ» СК командасы иеленді.

## • УСТЕЛ ТЕННИСИ

## Жерлесіміздің жеңісті жолы жалғасуда

Словакияның Сенец қаласында үстел теннисінен өткен халықаралық турнирден қарағандылық Алаң Құрманғалиев жүлделі III орын иеленді. 16 жастағы жерлесіміз WTT Youth Contender Senec 2023 турнирінде 17 жасқа дейінгі спортшылар арасында бақ сынаған еді.

Айта кетейік, 16 жастағы спортшы жуырда Венгрияда өткен WTA Youth Contender Szombathely 2023 турнирінде күміс және қола медаль иеленген болатын. Сол турнирде Алаң 19 жасқа дейінгі топта сынаға түсіп, III орын алған. 17 жасқа дейінгі санатта да өнер көрсетіп, күміс жүлде иеленді.

Дайындаған  
Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

## • ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

# Шәкірті — бұлбұл, ұстазы — дүлдүл

Қарағанды аспанында ән қалықтады. Кеншілер мәдениет сарайында қазақ классикалық әнінің өкілі, республикалық байқаулардың лауреаты Ришат Шәбденовтің ән кеші өтті. Өнер саңлағының шығармашылық кеші «Халқымын қалықтағам ән мұрасын...» деп аталды. Көңілді ажарын ашатын безада өнерді тамашалауға келген қадірменді тыңдарманның қарасы қалың болды. Қазақ әнінің жарық жұлдызы, Қазақстанның Халық әртісі Рамазан Стамғазиев — кештің құрметті қонағы.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ришат Шәбденов — домбыраны қолына бала кезден серік еткен. Тума талант мектеп қабырғасында жүріп көзге түсе бастаған. Өнеріне тамсанған манайдағы туған-туыс, дос-жаран жарқырайын деп тұрған бозбалаға кәсіби музыкалық білім алуға кеңес береді. Талантты һәм талантты бозбала Ришат 1996 жылы Жезқазған музыкалық колледжине оқуға түседі. Содан кейін, білімін жетілдіру үшін Алматыдағы Құрманғазы атындағы ұлттық консерваториясына аттанады. Үлт өнерінің ұстаханасында 2000 жылдан 2004-ке дейін есімі елге мошһур Рамазан Стамғазиевтен тәлім алған. Кіл мықтылардан ән өнерінің қыр-сырын үйреніп келіп, 2005 жылы Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестік құрамындағы «Арқа сазы» фольклорлық ансамбліне қабылданды. Қабырғалы өнер ұжымының қатарында жүріп республикалық байқауларға қатысқан. Атап айтсақ, Жүсіпбек Елебеков, Қасым Аманжолов, Дәнеш Рақышев және тағы да басқа тұлғалардың атындағы беделді конкурстардың лауреаты атанған. Биыл ұлттық өнерге қосқан үлесі еленіп, облыс әкімінің «Жылдың үздік әншісі» сыйлығын алды.

Әнші думанды кештің шымылдығын Әсет Найманбаевтың «Қоңыр қазымен» ашты. Қоңыр дауыс иесі өзін іздеп келген тыңдарманның алдында көсіліп сала берді. Манарбек Ержановтың «Қойшының әні» шыққанда, көз алдында жуасаны желмен тербелген Арқаның байтағы көлбенделді.

Біршама ән айтылғаннан кейін құрметті меймандар сөз алып, жылы лебіздерін

жеткізді. Шет ауданы әкімінің құттықтауын орынбасары Орал Зөмірбекұлы жеткізді.

Аудан әкімі Мұхит Мұхтаров өз хатында былай деп жазыпты: «Сізді туған өлкенің шежіресі Шет ауданы жұртшылығы атынан қазыналы Қарағанды қаласында ұйымдастырылған «Халқымын қалықтағам ән мұрасын...» атты жеке ән кешінің өтуімен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізді Біз ұлтымыздың безада өнері — дәстүрлі ән мұрасын дәріптеп, халық әндерін кейінгі буынға насихаттап жүрген күміс көмей, жез таңдай әнші, ұлағатты ұстаз, талантты жерлесіміз ретінде танымыз, әрі өнеріңізді жоғары бағалаймыз. Бүгінгі әсем ән кешіңіз тыңдарманыңызға деген ыстық ықыласыңыз бен өрнекті өнер әлеміне деген адал ұстанымыңыздың



тағы бір көрінісі деп білеміз» делінген.

Ән кешінде Ришат Шәбденовтің ұстазы Рамазан Стамғазиев те әннен шашу шашты. Шөкіртіне ағалық тілегін де айтты.

— Бүгінгі ән кешіне келгеніме қуанып тұрмын. Өйткені, әр диқан өзі еккен дөнінің жайқалғанын, өскенін, өнгенін көргісі келеді. Ришат Шәбденов те осыдан пәленбай жыл бұрын менен сабақ алып, қанатын қакқан еді. Бүгінде өнер өлкесінде көсіліп жүр. Шөкіртіме ұлы һәм қасиетті сапарда тек сәттілік тілеймін. Менің сыныбыма түскен шөкірттердің арасындағы бірегейі болды. Бүгінде өнерін сүйген халқына әнін арнап жатыр екен. Халқының батасы тиісін! — деді Рамазан Стамғазиев.

Кеш иесі де халқының алдында ағынан жарылды. «Ұлы аманатты арқалап жүргенімді сеземін» деді әнші.

— Біздің асыл мұратымыз — ата-бабадан жеткен ұлы мұраны келешек буынға өз биігінде жеткізу. Сол үшін тынбай еңбек етіп келеміз. Қадірменді тыңдарман, ән деп соққан жүректеріңден айналдым. Қазақтың өнері жасасын! Әніміз шарықтай берсін! — деді Ришат Шәбденов.

Кеш барысында әншіге шапан да, гүлде лек-легімен беріліп жатты. Бұл — өнерпазға деген халқының ыстық ықыласы.

ORTALYQ QAZAQSTAN  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС  
Директор — Қ.Ж. ӘБІЛДА  
Директордың орынбасары —  
«Индустриальная Караганда»  
газетінің бас редакторы —  
О.В. МЯГКИХ  
Директордың орынбасары —  
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА  
Бас редактор —  
Е.К. МУСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары —  
Қ.А. АЙТЖАН  
Сайт редакторы —  
І.Д. МҰҚАЙ  
Жауапты хатшының м. а. —  
С.Б. ИЛИЯШ

Телефондар:  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-1370  
Қарқаралы, Нұра, Оссакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJБЖКХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 239

№ 125 тапсырыс. Индекс 65484  
Оффсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Алуаны СОВЕТ